



ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ ЕНГІЗІЛЕ МЕ?

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ТҮЙЫҚҚА ТІРЕЛГЕН ТІРШІЛІК

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТЫҢ БІРІ – АЙМАҚТАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУ. «ҚУАТТЫ АЙМАҚТАР – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ» ДЕГЕНІМІЗ ЖАЛАҢ ҰРАН ЕМЕС. БҰЛ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУҒА ҚАЖЕТТІ ЕҢ БАСТЫ ҚАФИДАТ. БІЗ БЫЛТЫР ЕЛІМІЗДІҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНА БІРҚАТАР ӨЗГЕРІС ЕНГІЗДІК. СОЛ АРҚЫЛЫ КЕЙБІР ОБЛЫСТЫҢ ДАМУЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРДІК. МЕНІҢ ТАПСЫРМАММЕН АУЫЛ-АЙМАҚТЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ. БҰЛ ҚҰЖАТТЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫ ЗОР. АЙМАҚТАРДА ӘЛЕУМЕТТІК, ИНЖЕНЕРЛІК ЖӘНЕ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚҰРУ – БАСТЫ МІНДЕТ.

№132
(4565)

Сейсенбі
7 қараша
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі тұрғын алаптары бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Қоғамдық тыңдау 15 қарашада сағат 11.00-де қалалық әкімдіктің мәжіліс залында (Бейбітшілік көшесі, 11, 221-бөлме) өтеді.

Қоғамдық тыңдауда «Елордада «2019-2023 жылдарға арналған инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Астана қаласын жинақы құрылыс салу жөніндегі кешенді жоспар шеңберінде Астана қаласының тұрғын алаптарының жай-күйі мен дамуы туралы» мәселесі қаралады.

Аталған мәселе бойынша қала тұрғындарының ескертулері мен ұсыныстары Қоғамдық кеңеске astana_sovet@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша немесе 55-72-28 телефоны бойынша қабылданады.

Қоғамдық тыңдауға қатысуға ниет білдірген азаматтарды тіркеу 13 қараша күні сағат 17.00-ге дейін 55-72-28 телефоны бойынша жүргізіледі.



БАРШАҒА ЖОЛ ТАБУҒА ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырыла бастаған «JOLTAP» әлеуметтік жобасы іске қосылғалы мыңдаған қала тұрғыны өзіне қажетті ақпарат-кеңес алып үлгерді. Бұл жобаның мақсаты – халықтың табысын арттыру үшін мүмкіндіктерді таңдауға көмектесу және жол көрсету. Жоба аясында елорданың бірнеше ауданында орналасқан «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде тұрғындар мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес ала алады.

3

«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАНУ КЕРЕК

Елордада балалар арасында қызылша эпидемиясы пайда болды. Бұл жөнінде Астана қаласының бас санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова айтып берді.

Астанада жыл басынан бері қызылшамен аурудың 93 расталған жағдайы анықталды. Олардың көпшілігі балабақшаларда, мектептерде, ЖОО-да тіркелген.

Бас санитарлық дәрігердің айтуынша, профилактикалық егуден бас тарту санының өсуі, негізсіз медициналық бұрмалаулар және иммундаудың төмен қамтылуы халықтың иммундық емес қабатының вакцинамен басқарылатын инфекцияларға жиналуына алып келді, бұл өз кезегінде осы инфекцияның өсуі мен таралуын берді.

Қалыптасқан жағдайға байланысты және инфекцияның одан әрі таралуын тоқтату мақсатында Қазақстанның Бас мемлекеттік

санитарлық дәрігерінің қаулысымен осы жылдың 6 қарашасынан бастап 6 айдан 10 айға дейінгі 29 күндік балаларға қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы қосымша жаппай иммундау жүргізуді бастау жоспарланып отыр.

5 желтоқсаннан бастап 2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларды иммундау басталады.

«Құрметті ата-аналар! Иммундау сіз үшін және балаларыңыз үшін өте маңызды! Өзіңізді және балаларды сақтау арқылы сіз қызылшадан қорғанасыз. Профилактикалық егуден бас тарту арқылы сіз балаларыңыздың денсаулығына қауіп төндіресіз» деп атап өтті С.Бейсенова.



САН-МАРИНО КЕЛЕДІ

2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу турниріне қатысып жатқан Қазақстан ұлттық құрамасы 17 қарашада «Астана Арена» стадионында Сан-Марино командасын қабылдайды.

Қазақстан – Сан-Марино футбол матчының билеттері онлайн сатылымға шықты.

Билеттерді Ticketon.kz сайтынан сатып алуға болады. Билеттердің құны 1 500 теңгеден басталады. Матч 21:00-де басталады.




ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 497.34 \$ USD/KZT 468.13 ₪ RUB/KZT 5.03 ¥ CNY/KZT 63.97

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады. Президентке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің биылғы 10 айда атқарған жұмысының нәтижелері жөнінде баяндалды.

Осы уақыт ішінде елімізде жемқорлыққа қатысты 1500-ге жуық қылмыс тіркеліп, 1100-ден астам адамның ісі әшкереленді. Оның 158-і – түрлі деңгейдегі басшылар. Сотқа мыңнан астам іс жолданып, 282 миллиард теңге шығын өтелді. Сонымен қатар Агенттік төрағасы 2022 жылдан бері бюджетке және квазимемлекеттік сектор субьектілеріне құны шамамен 857 миллиард теңге болатын мүлік активтері мен қаржы қайтарылғанын айтты. Президентке бірқатар қылмыстық істі тергеу

амалдарының барысы жөнінде мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Асхат Жұмағали Мемлекет басшысына жемқорлықтың алдын алу жұмыстары туралы есеп берді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасын жүзеге асыру аясында тапсырылу мерзімі кешіктірілген, қаржы жымқыру қаупі бар әлеуметтік нысандар құрылысына мониторинг жүргізіліп жатыр. Агенттік еліміздің барлық өңірі бойынша жалпы бюджеті 2,44 триллион теңгені құрайтын осындай 156 нысан бар екенін анықтаған.

Азаматтық қоғаммен өзара тығыз қарым-қатынас орнату арқылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы іске асырылуда. Қазіргі уақытта жемқорлықтың белең алуына бейжай қарамайтын 2 мыңнан астам азамат бұл бастамаға атсалысып жатыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлыққа қарсы іс-қимылды және алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған жүйелі жұмысты жалғастыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

АУДАН ӘКІМДЕРІ САЙЛАНДЫ

5 қарашада елімізде аудан мен облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауы алғаш рет өтті. 17 облыстың тұрғыны үш қала мен 42 ауданның басшысын сайлады. 6 қарашада Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Түркістан облыстарындағы аудан әкімдері сайлауының қорытындысы шықты.

Мысалы, Қарағанды облысында екі аудан мен бір қалаға әкім сайланды.

Ақтоғай ауданында Руслан Кенжебеков басым дауыспен жеңіске жетті. Бұл жерде аудан әкімі лауазымына 3 үміткер ұсынылды. Сайлау нәтижесінде Нұрланбек Жаңабегеновке 695 сайлаушы дауысы, Руслан Кенжебековке 5 656 дауыс, Нұржан Сейітовке 1 251 дауыс берді. «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 103. Осакаров ауданында халықтың көбісі Руслан Нұрмұханбетовке дауыс берді. Аудан әкімі лауазымына үш үміткер болды. Оның ішінде 11 595 дауысты Руслан Нұрмұханбетов жинады. Екінші кандидат Ермеқ Дөненбаеваға 1 276 адам дауыс берсе, ал Нәсіп Шалабаева 1 391 сайлаушының дауысын алды. «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 103. Приозерск қаласы-

на ең көп 2664 дауыс жинаған Мансұр Ахметов басшы болып сайланды.

Түркістан облысында 4 ауданның әкімі сайланды. Сайлау қорытындыларына сәйкес Бәйдібек ауданына Ерлан Нұрмаханов, Мақтаарал ауданына Бахыт Асанов, Созақ ауданына Мұхит Тұрысбеков, Шардара ауданына Арман Қарсыбаев әкім болды. Түркістан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының хабарлауынша, «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер Мақтаарал ауданында көп болған. Яғни, мұндағы 922 сайлаушы барлық кандидатқа қарсы қартады белгілеген.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин аудан әкімдерінің сайлауы қоғамда зор қызығушылық туғызғанын айтады. «Қазақстанда тұңғыш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері сайланды. Өздеріңізге мәлім,

ауыл әкімдерін сайлау 2 жылдан бері өткізіліп келеді (содан бері 1700-ге жуық әкім сайланды). 45 әкімі лауазымына 125 үміткер таласты. Олардың қатарында түрлі саланың өкілдері – экономистер, заңгерлер, оқытушылар, инженерлер, ауыл шаруашылығы және басқа да сала мамандары болды. 7 саяси партияның бәрі аудан әкімдерінің сайлауында өз үміткерлерін ұсынды. 1 497 сайлау учаскесінде кандидаттар сенім білдірген тұлғалар, байқаушылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, барлығы 8500-ге жуық адам байқау жүргізді. Бұл сайлау – Орталық Азия аймағындағы алғашқы осындай саяси тәжірибе. Осылайша, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформалары өңірдегі саяси жаңғырту ісінің жаңа бағдарын айқындауда» деп жазды сайлау туралы Е.Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында.

ПАЛЕСТИНАҒА – 1 МЛН ДОЛЛАР

Қазақстан Үкіметі Палестинаға көмек ретінде 1 млн АҚШ долларын аударды.

Бұл туралы Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров мәлімдеді.

«Қазақстан Үкіметі бөлген қаражат БҰҰ-ның Таяу Шығыс агенттігіне аударылды. Ұйым Палестина 7-10

жыл бойы көрсетілген көмектерді ұйымдастырып келеді» деді Айбек Смадияров арнайы брифингте.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Бүгінгі таңда Израиль әскери күштері Газа қаласын қоршап алып, аймақты Солтүстік және Оңтүстік бөліктерге бөліп, жағалауға қарай жылжыған.

Израиль шамамен 700 мың халқы бар Газаға соққы жасауды жалғастырып жатыр. Қазір елде бейбіт тұрғындарды эвакуациялауға арналған біржақты дәліз ашық күйінде қалып отыр. Израиль мен ХАМАС арасындағы қақтығыстың эскалациясы кезінде 347 израильдік сарбаз қаза тауыпты.



Әлемде электромобиль нарығының өрісі кеңейді.

Алайда даму болғанымен, оның түйткілді мәселелері де азаймай отыр. Мәселен, машинаны қуаттайтын стансатым аз. Көлік сынса, жөндейтін маман тапшы. Соған қарамастан кейбір елдер электромобиль өндірісіне мемлекеттік қолдау жасап келеді. Мәселен, Индонезия үкіметі жүргізушілерді тоқпен жүретін көлікке ынталандырудың оңтайлы жолын тауыпты. Үндістанның көлік нарығы әлемде ең ірі бестікке кіреді.



Жақында ғаламшардың 5 жаңа суреті түсірілді.

Еуропалық ғарыш агенттігінің ғалымдары Евклид ғарыштық телескопымен түсірілген астрономиялық суреттерді ұсынып отыр. Олар соңғы 6 жыл бойы осындай зерттеумен айналысқан. Телескоптың басты міндеті – қара материя мен энергияны іздеу, сондай-ақ 2 миллиардқа жуық галактиканы қамтыған ғаламның ең үлкен картасын жасау. Бұл суреттер соңғы 10 миллиард жылдағы ғаламның толық құрылымын көрсетеді екен.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 9 қараша күні Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Астанаға ресми сапармен келеді.

Сапар барысында екі ел басшылары келіссөз жүргізіп, Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктес-

тіктің өзекті мәселелерін талқылайды деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, президенттер Қостанайда өтетін

Қазақстан мен Ресейдің XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумына бейнебайланыс режимінде қатысады.



«МЫҢЖЫЛДЫҚ» САЯБАҒЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жақында тұрғындармен кездесіп, «Мыңжылдық» саябағының қалай өзгеретінін айтты. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында ақпарат таратты. Кездесуде тұрғындар әлеуметтік нысандар (мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер), жолдар, инженерлік инфрақұрылымдар салу, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын дамыту және тағы басқа мәселелерді көтерді.

«Мыңжылдық» саябағы елорданың тартымды орындарының біріне айналуы тиіс еді. Бірақ іс жүзінде шағын ауданның бірқатар маңызды проблемасы бар. Тұрғындармен бірге саябақтың даму жоспарын талқылап, қалпына келтіруге кірістік. Сонымен, «Мыңжылдық» саябағының бойында әлеуметтік нысандардың құрылысы қарастырылған. Мысалы, аталған шағын ауданда 5 мектеп бар. Мұнда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында екі мектеп, жеке инвесторлар есебінен тағы екі мектеп саламыз. Сонымен қатар, инвестор жаңа вокзал ауданында амбулаторлық кешеннің

құрылысын жүргізіп жатыр. Сол сияқты, екі балабақша салу да жоспарланып отыр» деді қала басшысы.

Жеңіс Қасымбек құрылыс нысандарын салушыларға қойылатын талаптардың күшейгенін жеткізді. «Арнайы бұрмалары жоқ жерлерге тұрғын үй кешенінің салуына рұқсат берілмейді. Сондай-ақ құрылыс салушылар өз аумақтарын тиісті деңгейде абаттандыру және көгалдандыру қажет. Шағын ауданды инженерлік желілермен қамтамасыз ету үшін нөсер кәрізінің тазарту құрылысы, нөсер кәрізінің коллекторларының құрылысы жүргізіліп жатыр. Жылу-энергетикалық

жүйені дамыту бағдарламасы аясында үлестіру пункті мен трансформаторлық қосалқы станция салу, 110 кВ ЭВЖ реконструкциялау, салу кабельдік желісін реконструкциялау) және т.б. жұмысы жүріп жатыр. Кездесу барысында көтерілген мәселелерді шешу жұмысы қолға алынды. Орындау мерзімі бойынша аудан әкімдігі тұрғындарға хабарлайды. Саябақты қалпына келтіру – Мемлекет басшысының тікелей бақылауында» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

ҚОНЫСТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Астанада 18 апатты үйдің тұрғындары жаңа тұрғын үйлерге көшірілді. Осылайша, 327 пәтердің тұрғындары қоныстойын тойлады. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

Аманат партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі жол картасы шеңберінде 2023 жылдың соңына дейін тағы екі апатты үйді (Марков көшесі, №2 үй, Есенберлин көшесі, №6) көшіру жоспарланауда. Сонымен қатар, мына мекенжайлардағы нысандарды бұзу жоспарға енгізілді:

1. Рауан көшесі, №17 үй;
2. Қарталы көшесі, №140 үй;

3. Ы.Дүкенұлы көшесі, №21 үй;
4. Әл-Фараби даңғылы, №35/9 үй;
5. Барқытбел көшесі, №26 үй;
6. Жалын көшесі, №9 үй;
7. Жалын көшесі, №11 үй;
8. А.Янушкевич көшесі, №10/3.

10 апатты үй бойынша сот талқылаулары жүргізілуде» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Өңірлік жәрмеңкелер аяқталды

Астанада ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өңірлік жәрмеңкесі өз мәресіне жетті. Оны Ақмола облысының кәсіпкерлері аяқтады.



**Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Соңғы жәрмеңке Тұран даңғылы, 48 мекенжайындағы «Астана Арена» стадионының жанында өтіп, оған Аршалы, Астрахан, Ерейментау, Егіндікөл, Есіл, Жақсы, Жарқайың, Қорғалжын, Целиноград аудандары мен Қосшы, Степногорск және Көкшетау қалаларының кәсіпкерлері қатысқан болатын. Ал өткен демалыста, яғни 3-4 қараша күндері Қарағанды және Ұлытау облыстарының аграршылары ауа райының нашарлауына байланысты елордаға келе алмады.

Жалпы, биылғы жәрмеңке қыркүйектің 2-де басталып, оған 15 өңірден аграршылар қатысты. Осы күндері 10 мың тоннаға жуық өнім сатылды. Жылдағы дәстүр бойынша осы күзде де Астанада өткен жәрмеңкеге әр облыстан 50-70 фермер келіп, елордалықтарға өз өнімдерін ұсынды. Соңғы уақытта олардың саны артуда.

Бас шаһарда өңірлік ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу жақсы дәстүрге айналды. Мұндай игі іс-шараның басты мақсаты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін делдалсыз, нарық бағасынан 10-15 пайыз төмен бағамен сату арқылы қала тұрғындарына уақыт пен ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте оңтүстік аймақтар бақша дақылдарымен, ал

батыс өңірлері балық және солтүстік облыстар ет өнімдерімен танымал екені белгілі. Жәрмеңкеге арналған ассортиментті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өздері таңдайды.

Алғашқы болып елордаға Түркістан облысының 70-ке жуық ауыл шаруашылығы өндірушілері 556 тонна өнім әкелсе, Атырау мен Жамбыл облыстарының аграршылары бұл жолы жәрмеңкеде 300 тоннаға жуық өнім ұсынды. Олардың арасында жылқы, сиыр, қой және тауық еттерімен бірге шұжық өнімдері, сүт өнімдері, кондитерлік өнімдер, макарон өнімдері, балық, көкөністер мен жемістер мол болды. Одан соң Батыс Қазақстан облысы мен Қызылорда облысының тауар өндірушілері елордалықтарға азық-түліктің кеңейтілген ассортиментін ала келді. Алматы облысының тауар өндірушілері Қонаев қаласы мен облыстың 9 ауданының атынан қатысып, жалпы сомасы 205,7 млн теңгеге 186,4 тонна ауыл шаруашылығы өнімін, Жетісу облысының Талдықорған және Текелі қалаларынан, сондай-ақ 8 ауданнан келген шаруалар 500 млн теңгеге 214 тоннадан астам тауар ұсынды. Павлодар мен Абай облыстарының шаруалары жалпы көлемі 700 тоннаға жуық 40 түрлі өнім әкелген болатын.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, бұл жолы

жәрмеңкеге осы өңірдің 100-ге жуық тауар өндірушісі жалпы көлемі 300 тоннадан аса 50 түрлі өнім жеткізді. Олардың қатарында 100 тонна ет және шұжық өнімдері, 2 тонна жаңа ауланған балық, 400 мыңнан астам жұмыртқа, 20 тоннаға жуық сүт және сүт өнімдері, 25 тоннадан астам ұн, 50 тонна картоп, көкөніс және басқа да өнімдер мол болды.

Шығыс Қазақстан облысының жергілікті фермерлері мен тауар өндірушілері әкелген өнімдердің ішінде астаналықтар үшін табиғи балдың орны ерекше. Бұл жолы осы облыстың шаруалары елорда тұрғындарына 49,2 тонна бал, 2 тонна шұжық өнімдері, 8 тонна сүт өнімдері, 16 тонна өсімдік майы, 3 тонна ұн мен жарма, 9 тонна балық, 29,8 тонна мал, құс еті, 4 тонна қымыз және ұлттық өнім түрлерімен бірге 700 литр алкогольсіз сусындар жеткізсе, Солтүстік Қазақстан облысының 110 үздік кәсіпорны шамамен 733 тонна өнім ала келген. Олардың арасында картоп пен көкөністердің түр-түрі, тауық жұмыртқасы, ет және құс өнімдері, балық, сондай-ақ жарма түрлері мол болды.

Көкөніс, жеміс-жидектің пісетін уақытында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында ұйымдастырылған биылғы жәрмеңке осылайша аяқталды.

ТАЛҒАМСЫЗ ЖАРНАМАЛАР ЖОЙЫЛАДЫ

Астанада қала көшелерінің өрескел, талғамсыз, алабажақ жарнамалар мен маңдайшаларға толуына қарсы тосқауыл жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

2023 жылдың қаңтар айында Астананы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көше жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды күшейтуді тапсырған болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, қазір елордада қаланың сырт келбетін 2019 жылы әзірленген дизайн-кодқа сәйкес келтіру бойынша белсенді жұмыс жүріп жатыр. Аудан әкімдіктерінің қызметкерлері қала ұйымдарымен және кәсіпкерлерімен ғимараттардың қасбеттерін және басқа да қалалық мүліктерді безендіруге қойылатын талаптарды сақтау қажеттілігі туралы үнемі түсіндірме жұмысын өткізеді.

2023 жылдың басынан бастап елорданың барлық бес ауданында ғимараттардың, үйлердің және басқа ғимараттардың қасбеттерінен қаланың дизайн кодына сәйкес келмейтін 6,5 мыңға жуық жарнамалық билборд, маңдайша, дөңгелекті жарнамалар алынып тасталды.

Бүгінгі таңда аудан әкімдіктерінің өкілдері заңсыз және сәйкес келмейтін жарнаманың дизайн-кодын түсіндіру және алып тастау бойынша тұрақты көшпелі іс-шаралар өткізіп жүр. Кәсіпкерлерге түсіндіру жұмысы жүргізіліп,



дизайн-кодқа сәйкес келмейтін маңдайшаларды ауыстыру қажеттілігі туралы буклеттер мен жадынамалар беріледі. Бұдан былай кәсіпкерлер жарнамаға қатысты тиісті қағидаларды және сыртқы, көрнекі жарнама объектілерін орнатуға қойылатын жаңа талаптарды орындауы тиіс. Көше жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптардың сақталуын бақылау әкімдіктер тарапынан күшейтілді.

Өзбекстан республикасында қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізілді.

Ендігі жерде қоғамдық орындарда түр-әлпетін жасыратын киім кигені үшін қомақты айыппұл салынатын болды. «Қоғамдық орындарда жеке басын анықтауға мүмкіндік бермейтін дәрежеде бетті жауып жүргендерге 15-тен 30-ға дейін базалық есептік шамада (405-тен 810 долларға дейін) айыппұл салынады» делінген заңнамада.



Непалда өткен сенбі күні жойқын жер сілкінісі болды.

Қазір іздестіру-құтқару жұмыстары жалғасып жатыр. Зілзаладан 157 адам опат болып, тағы 200-ден аса тұрғын жарақат алған. Құтқарушылар үйінділер астында тірі қалғандар әлі де болуы мүмкін дейді. Зілзала ошағы осы елдің астанасы Катмандудан 500 шақырымдай жерде 18 шақырымдай тереңдікте тіркелді. 6.4 балдық зілзаладан кейін бірнеше дүмпу қайталанды.

ҮКІМЕТ НАЗАРЫНА

Елдің төрі – елордада еліміздің елеулі, еңселі тұлғаларының ескерткіші қойылуы – өткенге құрмет, ұрпаққа – үлгі. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек пен Керей, ғұмыры күреспен ат үстінде өткен Кенесары хан, Алаш арыстары, сұсымен-ақ еліне қорған болған Бауыржан Момышұлы, Рейхстагқа ту тіккен – Рақымжан Қошқарбаев, күй атасы – Құрманғазы, бас ақынымыз – ұлы Абай ескерткіш-мүсіндерінің ғибраты ғаламат. Ал енді ширек ғасырдан бері елдің байтағына айналған Астанада әлі күнге дейін бас жазушы – Мұхтар Әуезовке бір ескерткіш бұйырмауы қалай?

ҰЛЫ ТҰЛҒА ЕЛ ТӨРІНДЕ ТҰРСА...



Былтыр қазақтың ұлы жазушысы, Алаш қайраткерлерінің соңғы туяғы – Мұхтар Әуезовтің дүниеге келгеніне 125 жыл толды. Әлемге әйгілі ұлы тұлғаның туған күні жоғары дәрежеде ұлықталды деп айта алмаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазғаны болмаса, құзырлы органдар тарапынан аса белсенділік байқала қойған жоқ.

Мұхтар Әуезов – әлемдік өркениет биігіне көтеріле білген бірегей талант иесі. Ол әлем өркениетін терең игеріп, оны қазақ топырағына жерсіндірген. Қазақ руханиятының деңгейін көтерген тұлға, қазақтың келмеске кетіп бара жатқан көшпенді өмірі өркениетінің суретін сөзбен салған зергер. Ескінің көзі, жаңаның жаршысы. «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (Луи Арагон) әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы, шығармалары әлем халықтарының 120-дан астам тіліне аударылған, Кеңес Одағы кезінде ең жоғары дәрежелі сыйлық иеленген жалғыз қазақ жазушысы.

Соңғы жылдары Алаш зиялыларын ардақтау, оларды зерттеу ісі айтарлықтай қарқын алды. Сол қатарда ұлтқа қызмет еткен ұлы тұлғаларды ұлықтау, олардың еңбектерін ескеріп, атына көше беріп, ескерткішін тұрғызу жұмыстарын да атауға болады. Абай, Ахмет сынды айтулы тұлғаларымыздың мерейтойлық жылына орай ескерткіштері тұрғызылып, аты әспеттеліп жатқаны – соның айғағы. Алайда Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап өткенде, ақынды әлемге танытқан айтулы тұлға – Мұхтар Әуезов ескерісіз қалды. Бұрын ірі қалаларда ұлы жазушы атына көше берілгенмен,

ел көлемінде ерекше атап өтетіндей керемет ескерткіш тұрғыза алмадық. Ұлы жазушы мерейтойы тұсында да бұл оқиғаның орны толған жоқ. Еліміздің бас қаласы – Астанада да жазушы атына көше берілгені болмаса, мүсіні жоқ. Ендеше Абай есімі ардақталып жатқанда, ұлы ақынды, қазақ халқын әлемге танытқан ұлтымыздың біртуар перзенті, бас жазушы – Мұхтар Әуезовті де ұлықтап, елордада бір еңселі, ерекше ескерткіш тұрғызу керек деп ойлаймыз. Осы мәселені елорданың зиялы қауым өкілдері де көтеріп, өткен жылы «Астана ақшамы» газетінде хат жариялаған болатын. Бұл ескерткіш кеңес дәуірінің тар қапасында қаншама тауқымет тартса да, ұлтын, оның тарихы мен болмысын суреттеуден танбаған ұлы тұлға деген құрметіміз болар еді.

Мұхтардың шәкірті, қазақ даласын, қазақ баласын қырғызбен қатар шығармасының алтын арқауына айналдырған ұлы суреткер, өлмес шығармалары әлемнің барша тіліне аударылып, адамзаттың Айтматовы атанған Шыңғыс Төрөқұлұлы «Менің екі ұлы ұлттық қасиетті тұмарым бар. Бұлар – «Манас» пен Мұхтар Әуезов. Бұлар – менің халықтарымның символы» деген еді... Ендеше адамзаттың Айтматовы ғана емес, әлемнің көзі ашық оқырманы ұстаз тұтқан данышпан ойшыл, бірегей ғалым-академик, жазушы – Мұхтар Әуезов ескерткіш болып елордаға оралар деп үміт етейік...

**Еркін ҚЫДЫР,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері**

БАРШАҒА ЖОЛ ТАБУҒА ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

«JOLTAP» әлеуметтік жобасы мемлекеттік қолдау шаралары, атаулы әлеуметтік көмек, бизнес ашу үшін өтініш беру, оқыту, жұмыс іздеу бойынша кеңес беру мүмкіндігін ұсынады.

Жобаға қатысу барлық тілек білдірушілер үшін қолжетімді. Консультациялар күн сайын «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде мына мекенжайлар бойынша жүргізіледі: «Ailand», Қорғалжын тас жолы, 2; «Magnum» супермаркеті, Еділ көшесі, 26; «Жастар» сарайы, Республика даңғылы, 34;

«Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24; «Euro mall» СУ, Қосшығұллы көшесі, 23; «Встреча» СУ, Абылай хан даңғылы, 31; «Mechta» СУ, Сығанақ көшесі, 3; «Asia Park» COO, Қабанбай батыр даңғылы, 21; «Саянұр» базары, Тілендиев даңғылы, 24/5; «Big Шанхай» базары, Алаш тас жолы, 32а.

КӘСІПКЕРЛЕР ҚАНДАЙ ҚОЛДАУҒА ИЕ?

Астанада шағын және орта бизнес компанияларының саны өсуде. Мемлекет басшысының өңірлерді дамыту бойынша алға қойған міндеттерін орындау үшін елорда әкімдігінің жанынан «Астананы дамыту орталығы» ЖШС құрылған болатын. Содан бері орталық 158 бизнес-жобаны жүзеге асыруға ықпал етті, нәтижесінде 23 мың жұмыс орны пайда болды. Осыған орай, елордалық кәсіпкерлердің қандай қолдауға ие екені және оларды қала қандай өнімдермен қамтамасыз етіп отырғаны жөнінде Орталық басқарма төрағасының орынбасары Ерлан ЕРЖАНОВ әңгімелеп берді.

– Орталықтың қызметі қандай?

– «Астананы дамыту орталығы» қалаға инвестиция тарту және кәсіпкерлерге бизнес-жоспарларды жүзеге асыруға көмектесу үшін құрылған болатын. Бұл ретте біз кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес береміз, жер учаскесін таңдауға жәрдемдесеміз. Әрбір жобаны іске асыру барысында біздің менеджерлер барлық әрекеттерді қадағалап отырады.

– Сіз қанша инвесторға көмектестіңіз?

– Компания портфелінде барлығы 158 жоба бар. Осы жобалардың инвестицияларының жалпы сомасы 1 074,2 миллиард теңгені құрайды. Компания үшін ең көп инвестицияланатын салалар: білім беру – 49 жоба (171,98 миллиард теңге); өнеркәсіп – 38 жоба (74,79 миллиард теңге); логистика – 41 жоба (134,82 миллиард теңге); спорт объектілері – 18 жоба (33,63 миллиард теңге).



Барлық ілесіп жобалар елорданы дамытуға және тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

– Елордалық өнеркәсіптің ең көп таралған өнімдерін атай аласыз ба?

– 2023 жылдың қаңтар-тамыз айларында қаланың өнеркәсіптік өндіріс көлемі 1 266,7 миллиард теңгеге жетті.

Қала өнеркәсібі, негізінен, кәсіпорындар ұсынған: өңдеу өнеркәсібі (өнеркәсіптегі үлесі – 91%); электрмен жабдықтау,

газ, бу беру және ауа баптау; сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау. Өңдеу өнеркәсібінің негізгі салалары:

– металлургия (үлесі 47,7%);

– машина жасау (үлесі 20%);

Сондай-ақ өзге де металл емес минералды өнімдер, резеңке және пластмасса бұйымдар, сусындыр мен тамақ өнімдерін өндіру. Қалалық өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі үлесі №1 Индустриалық паркте, технопаркте және Өн-

діріс кентінде шоғырланған.

Өңдеу өнеркәсібі салалары шығаратын өнімдер ассортименттің кеңдігімен ерекшеленеді. Бұл болат парақтар, құбырлар мен профильдер, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы машиналарының бөліктері, бетон, бетон бұйымдары, алкогольсіз сусындар, есіктер, терезелер, терезе жақтаулары, табалдырықтар, жапқыштар, пластмассадан жасалған жалюзи, үн және үн өнімдері.

– Соңғы жобаларыңыз туралы айтып беріңізші.

– Жекеменшік мектептердің құрылысы жобалардың басым бөлігін алатынын атап өткен жөн. Бұл себепсіз емес, өйткені оқушылар санының өсуінде оң үрдіс бар: 2023 жылы олардың саны 20%-ға өсті.

Компанияның іске асырылған ірі жобалары: «Alramus School» ЖШС – балабақшасы бар жеке мектеп; «CA Garden Schools» ЖШС – жеке жалпы білім беретін мектеп; «spectrum «Халықаралық мектеп-балабақша» ЖШС; «Tamos Space School» ЖШС – жеке мектеп; «Нұрлы-Астана» КҚ – жалпы білім беретін мектеп.

Жобаларды іске асыру нәтижесінде ағымдағы жылы инвестиция көлемі 2,5 миллиард теңге және 55 жұмыс орны бар «ЭнКо» өндірістік кешені құрылып, пайдалануға берілді. «ЭнКо» ЖШС жылумен және сумен жабдықтауға арналған жабдықтар өндірумен айналысады, олар жылу алмастырғыштар, сорғы станциялары, тарату тораптары, басқару шкафтары, суды жылыту қондырғылары, балшықтар және т.б.

Жалпы, таяудағы 2-3 жылда Астананы дамыту орталығы 3 мыңға жуық жұмыс орнын құра отырып, 71,73 миллиард теңге сомасына 23 жобаны пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

Дана АМАНГЕЛДІ

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

КӨШ БАСЫНДА – НҰРА АУДАНЫ

Құзырлы басқарманың қоршаған ортаны қорғау және қалдықтарды басқару бөлімінің жетекшісі Айдар Рашид, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде жоғарыда аталған қоқыс төгілген орындардың санын екі есеге дейін азайту міндеті тұрғанын айтады.

«Биылғы 30 қазандағы ахуал бойынша айтатын болсақ, Алматы ауданында 62 бейберекет қоқыс төгілген учаске анықталса, соның ішінде 58-і жойылды, оларда жиналған 16300 тонна қалдықты тиісті жерлерге тасыдық. Байқоңыр ауданында 46 учаске анықталды, соның ішінде 44-і жойылды, 8058 тонна қалдықты қоқыс үйлетін жерлерге апардық. Бұл ауданда 33 учаске жекеменшік болғандықтан Экономика департаментімен бірлесіп, жеке адамдарға қоқыс туралы ережені сақтауды ескерттік. Есіл ауданында 84 учаске анықталып, соның ішінде 36-сы жойылды. 35 мың тонна қоқыс тиісті жерге тасылды. Нұра ауданында ең көп қоқыс төгілген жерлер бар, олардың саны – 123 учаске. Бүгінге дейін 31 учаске жойылды, олардан 24100 тонна қоқыс тасып шығардық. Сарыарқа ауданында 23 учаске анықталды, 31-і жойылды, 19560 тонна заңсыз төгілген күл-қоқысты

РҰҚСАТСЫЗ ҚОҚЫС ТӨГІЛЕТІН ОРЫНДАР ЖОЙЫЛАДЫ

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы бірнеше бағытта жұмыс жүргізеді. Соның бірі – рұқсатсыз күл-қоқыс төгілетін орындардың санын азайту. «Қазақстан ғарыш сапары» компаниясы ғарыш мониторингінің мәліметі бойынша, 2023 жылдың 30 қазанына дейінгі ахуалды алып қарасақ, Астана аумағында 338 бейберекет қоқыс шашылған учаске анықталған. Соның ішінде 3-еуі рұқсат етілген орын болып шыққан. Бүгінгі таңда Астана қалалық әкімдігіне қарайтын аудандар 338 учаскенің 190-ын жойып, оларда жинақталған 102 мың тонна тұрмыс қалдықтарын тиісті қоқыс төгетін орындарға тасымалдаған.



тиісті жерге тасыдық» деп түсіндірді жасалған жұмыс барысын А.Рашид.

400 МЛН-НАН АСА ҚАРЖЫ ЖҰМСАЙМЫЗ

Мемлекет жыл сайын бейберекет күл-қоқыс төгілетін орындарды жоюға 400 млн-нан аса қаражат жұмсайтынын біріміз білсек, біріміз білмейміз. Мәселен, тартылған темекінің қалдығын жерге тастаған адам ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 434-бабы бойынша (ұсақ бұзақылық) жауапкершілікке тартылады. Ол адамға жаза ретінде 5 АЕК көлемінде (17250 теңге) айыппұл салынады не болмаса 10 тәулікке әкімшілік қамауға алынады. Ал Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабы бойынша қалалар мен елді мекендерді абаттандыру ережелерін бұзғаны үшін, сондай-ақ инфрақұрылым нысандарын құлатқаны үшін, қалалардың жасыл желегін жойғаны және бүлдіргені үшін алғашында ескерту жасалады, 1 жыл ішінде осындай әрекет қайталанса, 30-дан 300 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады. Мұны әр азамат білуі керек.

Қазіргі кезде құрылыс компаниялары қала аумағында бейберекет қоқыс төгуге тыйым салынғанын біледі. Қалалық қатты тұрмыс қалдықтары полигонының аумағында бұған арнайы жер бөлінген. Биылғы 26 шілдеден бастап ол жерде аралас қалдықтарды қабылдап алатын уақытша алаң белгіленді.

«Аудандық әкімдіктерге рұқсат етілмеген қоқыс аумақтарынан қалдықтарды тасуға арнайы талон беріледі. Қалдықтарды тасымалдайтын арнайы техниканың жұмыс жоспары бар. Қазіргі кезде қоқыс жиналмай қалған нүктелер Есіл мен Нұра ауданында бар. Бұл мәселені тездетіп шешу үшін бірқатар іс-шара жүзеге асы-

рылды» деп түсіндірді Қоршаған ортаны қорғау және қалдықтарды басқару бөлімінің жетекшісі.

Оның айтуынша, салынып жатқан айыппұлдар мен әкімшілік жазалар қоршаған ортаға келтірілген зиянды толық қалпына келтіре алмайды.

«Жыл сайын біз орташа есеппен 14 мың заң бұзушыны анықтаймыз, оларға шамамен 130 млн теңге айыппұл саламыз. Бірақ бұл сома табиғатқа келген зиянды, бюджеттен бөлініп жатқан шығындардың орнын толтырмайды» дейді Айдар Рашид.

Ол қалдықтарды басқару тұрғысынан біз көптеген дамыған елдерден қалып қойғанымызға қынжылады.

«Атап айтқанда, нормативтік базаның жетілмегені, нақты ережелердің, іс-әрекеттер шешімінің, әрбір қалдыққа қатысты тетіктердің жоғы қынжылтады. Мысалы, шетелде экология заңын бұзу әрекеті үшін үлкен көлемде айыппұл салады. Егер оның іс-әрекеті қайталанса, қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейін шара қолданады. Осындай тәжірибе АҚШ, Жапония, Сингапур, Ирландия, Австралия елдерінде бар. Біздің заңнаманың солқылдақтығы шығар, өзінің жазаланбайтынын сезінген алаяқ кәсіпкерлер тіпті қолданыстағы экология талаптарын бұзып отыр» дейді ол.

ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАР ҚҰЛАҚ АСПАЙДЫ

Астана әкімдігі соңғы 2 жылда экология заңнамасын бұзған жандарға жазаны қатайту жөнінде құзыретті мемлекеттік органдарға бірнеше рет ұсыныс жіберген. Мәселен, бейберекет күл-қоқыс төгетін орындарды көбейткендерге техникалық құралдарын тәркілеу, 6 айдан 12 айға дейін көлік жүргізу құқығынан айыру, сондай-ақ әкімшілік айыппұлдардың көлемін 10 есеге дейін, яғни 100 АЕК-тен (306300 теңге) 1000 АЕК-ке (3063000 теңге) дейін ескертусіз арттыру туралы ұсыныс берілген. Алайда құзырлы органдар бұл бағыттағы ұсыныстарға ешқандай да қолдау білдірмей, тиісті іс-шаралар қабылданбаған.

ЖЫЛ САЙЫН БЕЙБЕРЕКЕТ КҮЛ-ҚОҚЫС ТӨГІЛЕТІН ОРЫНДАРДЫ ЖОЮҒА БЮДЖЕТТЕН 400 МЛН-НАН АСА ҚАРАЖАТ ЖҰМСАЛАДЫ

Аудандар	Учаскелер саны	Жойылғаны, %	ҚТҚ (мың тонна)	Рейстер саны
Сарыарқа	23	21 (91,3%)	19,5	1300
Байқоңыр	46	44 (95,6%)	8	533
Алматы	62	58 (93,5%)	16,3	1086
Есіл	84	36 (42,8%)	35	2333
Нұра	123	31 (25,2%)	24,1	1606
Барлығы:	338	190 (57%)	102,9	6858

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВҰЗЫН АРҚАН,
КЕҢ ТҰСАУ...

Елімізде цифрлық теңге айналымын енгізу жөніндегі әңгіме көптен айтылып келеді. Ұлттық банк бұған дайындығын өткен жылдың күзінде бір пысықтап көрген болатын. Алайда қазіргі валютамен қатар қолдануға кейбір мүмкіндіктер айтылғанымен, қанатқақты жобаны алдағы қараша-желтоқсан айларында байқап көруді ұйғарыпты. Алайда Ресей Федерациясы осы жылдың 1 тамызынан бастап цифрлық рубльдің айналымы туралы заң шығарып, оны қолданысқа енгізіп те жіберді.

CBDC деген термин 2020 жылы Бағам аралдарында айтыла бастады. Бұл халықаралық ұлттық валютаның цифрлық белгісі екен. Ал 2023 жылдың басында мұны төрт мемлекет ақша айналымына енгізіп, отызға тарта ел криптовалюта негізінде байқап көруге кірісті. Бірақ CBDC-тің қолданыстағы мүмкіндіктерінде оның айырмашылықтары жер мен көктей айқындалып, біраз кедергілер шыға келді. Криптовалютадан CBDC-тің бір ерекшелігі – ол тек орталық мемлекеттік банктерде айырбасталып, төлем ақша қаражаты ретінде реттеліп отырылады. Ал оның депозит, облигация, акция сияқты қолма-қол ақшасыз есеп айрылысудан гөрі тиімділігі басым екендігін мамандар мойындап отыр.

Цифрлық теңге бірыңғай электронды кодқа негізделген. Көріні елдерде оның алтынвалюта қорымен қамтамасыз етіліп, ұлттық валютамен бірдей айналымға енгізілгені белгілі. Бізде де осы үрдіс жалғастырылып, Ұлттық банк әзірлеген цифрлық әмиян тұжырымдамасы бойынша цифрлық теңге айналымға енетін күн де алыс емес сияқты. Дегенмен, елімізде Қазақстан Ұлттық банкі цифрлық теңге дайындықты 2021 жылғы бастағанымен, әлі күнге айналымға нақты енгізе алмай жатқаны көптеген адамдардың орынды уәжін туғызады. Мәселен, қаржыгер Елемес Сұлтанұлы Ұлттық банктің бұл әрекетін «ұзын арқан, кең тұсау» сөзбұйдалық деп отыр.

«Расында, бұл үдерісті Ұлттық банк созыңқырап жіберді. Мен жылдың басында олардың сайтынан «Цифрлық теңгені айналымға енгізу қажеттілігі туралы зерттеу қорытындылары» деген хабарлама оқығанмын. Онда осы жылдың күзіне дейін халқымыз бұл ақша айналымының жемісін көретіндігі жөнінде айтылған еді. Алайда 2023 жылдың күзінің екінші айы басталғанмен, Қазақстанның Ұлттық банкі әлі бір нақты шешімін айта қойған жоқ.

Негізінен алғанда, қазақстандық CBDC-ны енгізу жүйесінде ресейлік нұсқа басшылыққа алынатын сияқты. Тек заңдық тұрғыдан қалай болатыны әлі айқындала қойған жоқ. Мүмкін, көрші елдегідей арнайы заң қабылдар немесе 2023 жылғы ақпан айында шыққан «Цифрлық активтер туралы» заң аясында әрекет етер. Қалай еткенде де айтылып, халықты құлақтандырығанын цифрлық теңге тезірек көшу Ұлттық банктің басты міндеті болуы керек деп ойлаймын» деді қаржыгер.

ЭЛЕКТРОНДЫ ӘМИЯН
ТОЛЫҚПАҚ

Ұлттық банктің мәлімдеуінше, цифрлық теңге қолма-қол және қолма-қол емес ақша қаражатына қосымша есеп айрысудың үшінші түрі

Астана қаласында Қазақстан Ұлттық банкінде өткен баспасөз мәслихатында цифрлық теңгенің енгізілуіне қатысты бірнеше сауалдар қойылды. Әсіресе, көпшілікті кейінгі кезде сандық «әлеуметтік әмиян» деген термин көбірек қызықтыратыны байқалды. Біз осы бағытта цифрлық теңгеге байланысты қаржыгерлер мен маман-сарапшылардың пікіріне құлақ түрдік.

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ
ҚАШАН ЕНГІЗІЛЕДІ?

ретінде енгізілетін болады. Мұның өзіндік бірегей және сапалық сипаты болатындығы да айтылуда. Мәселен, цифрлық теңгемен сауда, халыққа қызмет көрсету орындары мен банктерде ғана емес, тіпті интернет жоқ жерлерде де есеп айырыса беруге болады. Ол үшін NFC (Қысқа қашықтыққа деректердің шағын көлемін байланысыз жіберуге арналған гаджеттің технологиялық қызметі), QR-код және телефон нөмірі болса жеткілікті.

CBDC-тің тағы бір ерекшелігі – оның бағдарламалық сипатында жатыр. Ол инновациялық қаржы сервисті құруға зор мүмкіндік береді. Қазір көптеген адамдар смарт-келісімшарт базасында осы қызметті тиімді пайдаланып жүр. Ал цифрлық теңгеге ол тіптен үйлесімді көрінеді.

Ұлттық банк қазірдің өзінде цифрлық теңгені пайдалану әркімнің өз еркі деп отыр. Сондықтан біреулер айтып жүргендей, болашақта CBDC-ке толық немесе барлық жерде бірдей көшу деген болмайды. Цифрлық теңгені пайдалану да, пайдаланбау да әр азаматтың өз қалауына байланысты жеке шаруасы болып қала береді.

Осыған орай 2023 жылдың күзінде, нақтырақ айтқанда, қараша айында цифрлық теңгемен есеп айырысудың тек әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік сатып алуларға қатысты шектеулі тізбесі енгізіледі. Ал толықтай енгізу 2025 жылы аяқталады деп күтілуде.

Жаңа «әлеуметтік әмиян» деген сөз айтылып қалды. Ең бірінші цифрлық теңге әлеуметтік төлемдерге пайдаланылатын болса, алдағы уақытта әр тұтынушының сөзсіз әлеуметтік әмияны қалыптасады деген сөз. Бірақ одан әр азамат белгілі бір жерді, не болмаса ыңғайлылық көруі керек қой. Ұлттық банк «алдағы уақытта бәрі жақсы болады» деп сендіргенімен, аталған теңгені пайдалануда тұрғындардың мүмкіндіктері қалай артады? Осы жағы жан-жақты айтылмады. Тек «цифрлық теңгемен төлеу ауылдықтар үшін зор маңызға ие. Өйткені ол ғаламторы жоқ алыс ауылдарда да жұмыс істей береді»

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ ҚОЛМА-ҚОЛ
ЖӘНЕ ҚОЛМА-ҚОЛ ЕМЕС АҚША
ҚАРАЖАТЫНА ҚОСЫМША ЕСЕП
АЙЫРЫСУДЫҢ ҮШІНШІ ТҮРІ
РЕТІНДЕ
ЕНГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ

деген үйреншікті сөз тағы қайталанды. Қазір еліміздің цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Қазақстанда интернетпен 2027 жылға дейін бүкіл ауылдарды қамтамасыз етеміз, ғаламторы жоқ бірде-бір елді мекен болмайды» деп жамағатқа жар салып отыр. Тіпті ол кезде кез келген жерде интернет қазіргіден екі-үш есе жылдам болады дегенге де сендіріп қойды. Ал Ұлттық банк цифрлық теңге 2025 жылы толық күшіне енеді дегенді нақтылады. Сонда ауылдықтар цифрлық теңгені қызығын тек екі-үш жыл көре ме? Өйткені қолма-қол ақшасыз есеп айырысып үйреніп қалғандар цифрлық валюта ны пайдалануға құштарлық таныта қояр ма екен?

ЕҢ БАСТЫСЫ –
ҚАУІПСІЗДІК

Ал Ұлттық банктің «цифрлық теңгені пайдалану ерікті» дегені де жай айтыла салған сөз бе деп ойлайсың. Әрине, ешкім келіп, кеңірдегіңізге кездік тақамас. Дегенмен, қажеттілік туғызатыны айдан анық. Тіпті қазірдің өзінде Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі мегаполистерде әлеуметтік қызмет көрсетудің тек «Қазпошта» филиалдарында ғана жекебас куәлігін көрсеткенде ғана қолма-қол ақшамен төлей аласыз. Ал одан басқа тиын ақшаны қабылдамайтын банкілердің терминалдары мен телефондарда тек аудару жолымен

P.S: *Цифрлық теңге елімізде биыл қараша айынан бастап қанатқақты жоба ретінде жүзеге асырылмақ. Ол тек әлеуметтік төлемдер мен өзара есеп айырылысуға ғана емес, қаржылық мүмкіндіктердің барлық саласында қолданысқа ие болсын деген тілек айтылды. Әрине, ол үшін де қоғамдағы әлеуметтік бақылауды күшейтіп, бұқараның мүддесі жолындағы қауіпсіздікті нығайта түсу керек.*

ВОЛОНТЕР БОЛУ –
ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Зейнетке шыққан соң өзіңді қоғамға керексіз адам сияқты сезінеді екенсің. Күндіз-түні қолымызда смартфон. Әлемде болып жатқан жаңалықтардан осы интернет желісі арқылы хабардармыз. Кәріліктің басы осы екен деп жүргенде «Күміс волонтер» туралы естіп білдім. Дерек телефон шалып, бар жағдайды біліп, өзімді қажет етіп отырған адамдармен қоян-қолтық жұмыс істеп кеттім. Содан бері біршама уақыт өтті. Мекен-жайым ауысып, астаналық атандым. Бірақ қай қалада болмасын, қоғамның бір адамы екенімді сезіну мен үшін маңызды екенін ұқтым.

Соңғы жылдары бірқатар дамыған елдерде адамдардың өмірлік циклінің жаңа моделін құруға әрекет жасауда. Бұл әсіресе, адамдары егде тартып, қарттардың саны асып бара жатқан еуропалық елдерге тән. Ол елдерде мемлекеттік және жеке өндіріс секторларында орта және егде жастағы жұмысшылардың әлеуетін қолдап, жандандыру арқылы олардың қартаюу процесіне өзгерістер енгізуде. Егде жастағы адамдарды қоғамдық өмірге, оның ішінде еңбекке тартудың түрлі әлеуметтік, рекреациялық, коммуникативті, білім жетілдіру тәжірибелері енгізілуде.

Қоғамдық санада қарт адамның оң имиджін қалыптастыруға ықпал етуде бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рөл атқарады. Бүгінде қарттарды қажеті аз, отбасына масыл адамдардың бірі емес, керісінше қарым-қатынас етуде бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рөл атқарады. Бүгінде қарттарды қажеті аз, отбасына масыл адамдардың бірі емес, керісінше қарым-қатынас етуде бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рөл атқарады.

Расында да қоғамның аға буын өкілдерінің проблемаларына көзқарасын қарым-қатынасын өзгерту үшін қоғамдық санамен жұмыс істеді кешенді стратегиясын, оның ішінде келелі шараларды жүзеге асыру міндеті тұр. Олардың мәдени дәстүрлердің, кәсіби және өмірлік тәжірибенің иелері, нағыз қазыналы қария ретінде қабылдаған баршамаызға абзалырақ. Осы ретте елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және жас ұрпақты тәрбиелеуге белсенді қатысуға мүмкіндік беру арқылы ойлаған межемізге тез жетер ме едік. Егер де адамдарды қоғамнан оқшауландырмай, немесе тозығы жеткен пайдалану бұйымдай кейін ысырып қоймай, олардың әлеуметтік белсенділігін қоғамдық өмірге қатысуын насихаттау арқылы қарттарымызды тарихи тұғырына шығарар едік. Жалпылама да айтылатын «төрдін иесі» деген сөз бәрімізге ұнайды. Бірақ сол төрдін иесі болғанға дейін де қарттардың қоғамға беретінін білген жөн.

Қарт адамдар қандай жерде керекті болады дегенде мектептер мен колледждерді, университеттер мен сыныптан тыс жұмыстарға, оқушылар сарайларында, үйірмелерде аула клубтарындағы жастармен жұмысқа тартып, өз білгенін үйретуге мүмкіндіктер ашылса, менің байқауымша, тысқары қалып отырғандар аз дер едім. Айналып келгенде, «тәлімгерлік мектебі», «әлеуметтік әжелер мен аталар» сияқты жұмыстар жастардың мына өмірде аяғынан тік тұрып кетуіне ықпалдасып, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, қолдау көрсетуде қарттардың белсенділігінің орны бар.

2021 жылдың қазан айынан бері Астана қаласының №66, 89 мектептерімен «Әжеден қалған асыл мұра» қалалық

жобасы аясында бірігіп жұмыс істеп келеміз. Жастар – біздің болашағымыз, сондықтан оларға келешекті сеніммен тапсыра отырып, атадан балаға, анадан қызға қалдыратын тәрбиені: ұлттық қолөнерімізді (сырмақ,



құрақ, жүн иіру, тоқыма) насихаттап, ісмерлікке үйретуді бастадық. Ұлттық қолөнерімізді жас ұрпаққа үйрете отырып, назарын әлеуметтік желіден гөрі қолөнерге аударуға ықпал етсек, оның өзі үлкен жеңіс емес пе?! Міне, осы мақсатты жүзеге асыру үшін орталықтың көптеген әжесі атсалысып келеді. Әр аптаның бір күнінде, мектеп басшылығымен келісе отырып, шеберлік сабағын өткізіп тұрамыз. Сабаққа кем дегенде бес әже барады, олар жүн тұту жұмысы, кесте тігу, тоқыма тоқу, құрақ құрауды үйретеді.

«Тоқыма» тобын – А.Түрсынбаева, «Кесте» тобын – А.Колибекова, «Жүн тұту жұмысы» тобын – К.Әбдідина, «Құрақ құрау» тобын О.Кусумова бастап, жұмысын үлкен жауапкершілікпен атқарып жүр. Жазғы демалыс кезінде мектеп жанындағы демалыс лагерлерінде «Әжемнің ертегісі» жобасы аясында данагөй әжелеріміз ұлттық киімдерін киіп, балдырғандарға ертегі оқыды, сенбіліктерге де бір кісідей-ақ атсалысып жүр.

Осы жобаның нәтижесінде күміс жастағылардың ерікті еңбегінің маңыздылығын тану, аға ұрпақты осы қызметке тарту деңгейін арттыруда жатыр.

Еріктілер қатарына жазылмас бұрын ұлыммен ақылдасып, ұзақ сөйлескен едім. Қайырымдылық қалай жасалады деген сұрақты түсіндіруге тырыстым. Содан бері Қарттар үйі, Балалар үйі болсын не болмаса аурухана кез келген әлеуметтік орталықтар болсын, қолымыздан келген көмегімізді көрсетіп айналамызды мейір-шуаққа бөлегеніміздегі әсерімді айтудан жалықпаймын. Осылайша балаларымыздың алдында үлкен миссия атқарып жүретінімді сезініп, ерекше құрметке ие болдым. Қайырымдылық қалай жасалады дегенде олар үшін мен үлгі болғанымна қуанамын.

Ләззат ДҮЙСЕБАЙ,
күміс волонтер

№132 (4565) 07/11/2023 Сейсенбі

(Соңы. Басы газетіміздің №131 (4564) санында)



Қойшығара САЛҒАРАУЛЫ, жазушы-ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Енді осы орайда айтылғанға айғақ ретінде немқұрайдылықтан түзетілмей келе жатқан, қазіргі қазақ тарихына қатысты ірілі-ұсақты жайлардың кейбірін алға тартып, ортақ ой тезіне салып көрелік. Соның түзетілуі оңай ең қарапайымынан бастасақ, ол мынау:

Еуропалық таным-түсінікпен жазылған ресми тарих ғылымында оқиғаның қашан болғанын білдіретін ертеден қолданылып келе жатқан «Христос туғанға дейін» («до Рождества Христова»), «Христос туғаннан кейін» («после Рождества Христова») деген тұрақты сөз тіркесі бар. Осы тұрақты сөз тіркесі кейін «біздің эраға дейінгі» («до нашей эры»), «біздің эрадан кейінгі» («после нашей эры») дегенге өзгертілді. Қазір орыс тілінде жазылған еңбектердің бәрінде осының тек соңғысы ғана қолданылады. Қысқаша «до н. э.», «после н. э.» деп беріледі. Христиандық таным-түсінік негізінде алынып, ғылымға енген бұл сөз тіркесінің ұғымдық мәні христиандар үшін қалай қолданыла да түсінікті. Мұнда ешқандай екіұштылық жоқ. Ал христиан емес халықтардың тарихында қолданылғанда олай емес. Сондықтан оны тікелей сөзбе-сөз тәржімалау христиан емес халықтардың төл таным-түсінігімен үндеспей, нақтылықты тұмандатып, екіұшты ұғым туғызады. Олай болмас үшін оның дәл мағынасын беретін балама сөз тіркесін табу қажет. Бұл – ғылымның талабы. Бірақ бұған мән беріп жатқан қазақ тарихшылары жоқ. Содан да болар бүгінге дейін қазақтың қатардағы ізденушілерден бастап академиктерімізге дейін осы «до нашей эры», «после нашей эры» тұрақты сөз тіркесінің әркім өз қалауына аударып, өзіне қолданып келеді. Олар, негізінен:

«Біздің заманымызға (заманға) дейінгі» (б. з. д.); «Біздің заманымыздан (заманнан) кейінгі» (б. з. к.);

«Біздің дәуірге дейінгі» (б. д. д.); «Біздің дәуірден кейінгі» (б. д. к.);

«Біздің эраға дейінгі» (б. э. д.); «Біздің эрадан кейінгі» (б. э. к.);

«Біздің жыл санауымызға дейінгі» (б. ж. с. д.); «Біздің жыл санауымыздан кейінгі» (б. ж. с. к.);

«Жаңаша жыл санауға дейінгі» (ж. ж. с. д.); «Жаңаша жыл санаудан кейінгі» (ж. ж. с. к.);

«Біздің дәуіріміз» (б. д. д.); «Біздің дәуірден кейінгі» (б. д. к.);

«Біздің эраға дейінгі» (б. э. д.); «Біздің эрадан кейінгі» (б. э. к.);

«Біздің жыл санауымызға дейінгі» (б. ж. с. д.); «Біздің жыл санауымыздан кейінгі» (б. ж. с. к.);

«Жаңаша жыл санауға дейінгі» (ж. ж. с. д.); «Жаңаша жыл санаудан кейінгі» (ж. ж. с. к.);

«Біздің дәуіріміз» (б. д. д.); «Біздің дәуірден кейінгі» (б. д. к.);

«Біздің эраға дейінгі» (б. э. д.); «Біздің эрадан кейінгі» (б. э. к.);

«Біздің жыл санауымызға дейінгі» (б. ж. с. д.); «Біздің жыл санауымыздан кейінгі» (б. ж. с. к.);

«Жаңаша жыл санауға дейінгі» (ж. ж. с. д.); «Жаңаша жыл санаудан кейінгі» (ж. ж. с. к.);

«Біздің дәуіріміз» (б. д. д.); «Біздің дәуірден кейінгі» (б. д. к.);

«Біздің эраға дейінгі» (б. э. д.); «Біздің эрадан кейінгі» (б. э. к.);

«Біздің жыл санауымызға дейінгі» (б. ж. с. д.); «Біздің жыл санауымыздан кейінгі» (б. ж. с. к.);

«Жаңаша жыл санауға дейінгі» (ж. ж. с. д.); «Жаңаша жыл санаудан кейінгі» (ж. ж. с. к.);

«Біздің дәуіріміз» (б. д. д.); «Біздің дәуірден кейінгі» (б. д. к.);

«Біздің эраға дейінгі» (б. э. д.); «Біздің эрадан кейінгі» (б. э. к.);

«Біздің жыл санауымызға дейінгі» (б. ж. с. д.); «Біздің жыл санауымыздан кейінгі» (б. ж. с. к.);

«Жаңаша жыл санауға дейінгі» (ж. ж. с. д.); «Жаңаша жыл санаудан кейінгі» (ж. ж. с. к.);

«Біздің дәуіріміз» (б. д. д.); «Біздің дәуірден кейінгі» (б. д. к.);

«Біздің эраға дейінгі» (б. э. д.); «Біздің эрадан кейінгі» (б. э. к.);

«Біздің жыл санауымызға дейінгі» (б. ж. с. д.); «Біздің жыл санауымыздан кейінгі» (б. ж. с. к.);

ЕЛЕНБЕЙ КЕЛГЕН

(НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ, САУАТСЫЗДЫҚ, ЕЛІКТЕУШІЛІК...)

нақтылығынан айырылады. Қалай дегенде де, қай халықтың болсын әрқайсысының бастан кешкен өз заманы, өз дәуірі, өз оқиғалары бар ғой.

Мұның сыртында ғылымда тұрақты бір ұғымды білдіретін сөз бен сөз тіркесі сол ұғымның төл аты, төлқұжаты іспеттес. Оны әркімнің өз қалауына қарай, көркем шығармадағыдай құбылтып, синоним сөздермен ауыстырып, сапырылыстырып қолдана беруіне болмайды. Бұл да ғылым талабы. Мұның солай екені және сауатты жанның бәріне мәлім. Бірақ бойына тарап, бойкүйез еткен немқұрайдылық дерті оны түзетуге әлі күнге мойын бұрғызбай келеді. Ештеңеге мән бермес баяғы немкеттілік. Әйтпесе бұл тарихшылардың «до нашей эры» тіркесін аудару қажеттілігі туған алғашқы күні-ақ бірден ортақ бір шешімге келіп, түзете салуға болатын шаруа ғой. Бұл ретте, мысалы, біз өз тарапымыздан, христиан халықтарының ұғымын танытатын «до нашей эры», «после нашей эры» тіркесінің христиан емес халықтардың, нақтырақ айтқанда, түріктестес халықтардың тарихында «христиан эрасына дейінгі» («х. э. дейінгі»), «христиан эрасынан кейінгі» («х. э. кейінгі») деп бірізділікке түсіруді ұсынар едік. Мұнда, тіпті, «эра» сөзін «дәуір» деп аударудың да қажеті жоқ.

Тағы бір мысал: қазіргі таңда Қазақ елінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихына қатысты қалам тартқандар: «Қазақстан – көпұлтты мемлекет, 130-ға жуық ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті өмір сүруде» деген тіркесті жиі қолданады. Мұны, әділдігіне жүгінсек, тек тарихшылар ғана емес, тәуелсіздік алғаннан бергі өткен ширек ғасырдағы елдің хал-ахуалы жайында пікір білдірген ғалымдар да, саясаткерлер де, журналистер де, жазушылар да ұмыт қалдырған емес, әсіресе саяси науқан кезінде бәрі жарыса жазып, жарыса айтып жатады. Осылайша жиі қайталанып, құлаққа сіңісті болғандықтан ба, жалпы көпшілік мұны өмірдің шыншайы бір тұжырымы ретінде қабылдайды.

Бұл тіркестің өмірге келуінің бастапқы негізінде отарлаушылардың әр кезде әдейі қолдан ұйымдастырған қасап қырғындарының нәтижесінде мейлінше азшылыққа ұшырап қалған жергілікті халықтың құйқалы жерін иелену мақсатында түрлі сылтаумен (саяси қуғын-сүргін, тың көтеру, екіпінді құрылыстар салу және т. б.) сырттан қаптап әкелген келгінбайлармен толтырған жұлымыр саясаттың бүркемелеу үшін кешегі советтік жүйе идеологтарының ойлап тапқан: «Қазақстан – ұлттар достығының лабораториясы» деген жасанды тұжырымының жатқаны хақ. Сол советтік жүйенің мектебінен шыққан біздің бүгінгі шенділердің Қазақстанда «ұлт» пен «ұлыстың» санын жасанды түрде көбейте беруге құмарлығы да, соны мақтанышпен айтатыны да содан. Бірақ біздің айтпағымыз бұл емес, ол – өз алдына жеке мәселе. Біздің айтпағымыз: осы тұрақты тіркеске айналған құрмалас сөйлемдегі атау сөздердің өз мағынасында қолданылмай, теріс ұғым беретіні, соның осылай екенін біле тұрып, тарихшылардың оны түзетуге ұмтылмайтын керанау немкетті немқұрайдылығы.

Алдымен, қадап айтар мәселе: Қазақстан ешқашан да көпұлтты мемлекет болған емес. Қазақ қазақ аталып, өз алдына жеке мемлекет құрғанынан бастап, қашан патшалық Ресейдің бодандығына өткенге дейінгі арада қазіргі қазақ жерінде қазақтан басқа өзге ешбір халық та, олардың өкілдері де мекендеп тұрмаған, тек бірыңғай қазақтар ғана болған. Ал бодандықтан кейінгі патшалық Ресейдің тұсында келген қарашекпенділер де, совет дәуіріндегі жер аударылған халықтың өкілдері де, тың көтерушілер де ешқашан өз алдына жеке халық болып қалыптасқан да емес. Олардың бәрі де сырттан, саясаттың ызғарлы желінің өтінде қоныс аударып келген әр түрлі жұрттың өкілдері, яғни қазіргі ұғыммен айтқанда «диаспора» ғана. Бұл арада олардың санының көп, болмаса, аздығы еш рөл атқармайды. Олардың ұрпақтары қазір де сол

дей ұлысы» деп жиі қолданып жүрген тарихшылардың ұлыстың «мемлекет» деген ұғымды білдіретінін және оның «диспораға» ешқандай қатысы жоғын жете біле тұрып, осынау басы ашық қателікке қарсылық білдірмей, үнсіз қостап, өздерінің де солай жазып келе жатқаны олардың өз кәсібіне деген немқұрайдылығы дегенде не деуге болады?! Егер олар өз кәсібіне шикене жауапкершілікпен қараса, аудармашылардың кезінде жіберген қатесіне өріс бермей, оны сол пайда болған сәтінде-ақ түзеп, орыстың «наций и национальности» деген ұғымын, ең болмағанда, «ұлт пен жұрттың» деп аударып, дұрыстап жіберуіне болатын еді ғой...

Бірақ өкінішке қарай, олай істелген жоқ. Одан да өкініштісі:

дықан, олардың себеп-салдарын саралап жатпаймыз. Ол – өз кезегінде арнайы қозғалар жеке әңгіменің арқауы. Сондықтан қазір тек айтылғанға айғақ ретінде ресми тарихтың XIII-XV ғасырларда Еуразия кеңістігінде дәуірлеген ірі империяның аты ретінде қолданылып жүрген «Алтын Орда» атауы төңірегіндегі қысқаша ой түйіндеулермен шектелмекпіз.

Атақты Шыңғыс ханның көзі тірісінде өзі жаулап алған ел мен жерді бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұлына еншілеп, бөліп бергені тарихтан жұрттың бәріне белгілі. Осыған байланысты іргесін Шыңғыс хан қалаған далалық алып империя бір орталыққа бағынған төрт мемлекетке бөлініп, оның әрқайсысы еншілік үлесі ретінде билік тізгінін қолға алған әлгі төрт

жаңа жорық жасау жөнінде шешім қабылданады. Жорықты басқару Шыңғыс ханның сүйікті немересі, Жошының жауынгер баласы Батыйға жүктеледі. Жеті жылға созылған осы жорықта Батый хан Еділ болғарларын, орыс княздіктерін талқандап, Солтүстік Кавказды бағындырып, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны, Валахияны, Трансильванияны ойрандап, Адриат теңізінің жағасына жетеді. Сөйтіп 1242 жылғы өзінің ордасы орныққан Еділдің сағасына үлкен жеңіспен қайтып оралады. Осылайша шетелдік бірнеше ұлыстарды (мемлекеттерді) қосып алу нәтижесінде Батый хан иелігіндегі жер Алтайдан Дунайға дейін кеңейіп, орасан алып аймақты құрайды. Соған орай бұрынғы бір «Жошы ұлысы»



диаспора күйінде Қазақстанда өмір сүріп жатыр. Сондықтан жоғарыдағы тұрақты тіркесті құрайтын құрмалас сөйлемнің «Қазақстан – көпұлтты мемлекет» деген алғашқы басыңқы сөйлемі ұғымдық-мағыналық жағынан тарихи шындықты танытпайды, қате түсінікті қалыптастыруға қызмет етеді. Ал құрмалас сөйлемнің екінші бөлігіндегі «ұлт пен ұлыстың өкілдері» дегендегі «ұлыс» сөзі өзінің төл мағынасында емес, басқа мағынада, тіпті, қате қолданылып келеді. Өйткені «ұлыс» сөзінің «диаспора» ұғымына атаулық мағынасы жағынан ешқандай қатысы жоқ, ол – «мемлекет» деген ұғымның баламасы. Оның солай екенін, ең жазабы, тарихшылар да, басқалар да жақсы біледі. Өйткені басқаны былай қойғанда, қазақ халқы жылда Наурыз мерекесін «Ұлыстың ұлы күні» деп тойлайды. Ал бұл – басқаша айтқанда: «Наурыз – мемлекеттің, елдің ұлы күні, ұлы тойы» деген сөз. Ел халқы бұл күні бір-біріне: «ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деп тілегін білдіріп, құшақтасып көрісіп жатады. Мұның қай-қайсысында да «диаспораның ұлы күні» немесе «диаспораның тойы» деген ұғым атымен жоқ. «Ұлыстың ұлы күні» тіркесі бұл арада, қай тұрғыдан алсақ та, тек «қазақ елінің, қазақ мемлекетінің ұлы күні, мерекесі» дегенді ғана білдіріп тұр. Бірақ осыған, яғни бүкіл халықтың ортақ танымының бірлігіне қарамастан, бір кезде бір аудармашының орыстың «наций и национальности» деген тіркесін қазақшаға аударғанда жіберген қатесі бүгінге дейін түзетілмей, сол күйі қолданылып келеді. Басқа мамандық иелеріне қарағанда өздері тарих жазғанда «Жошы ұлысы», «Шағатай ұлысы», «Үге-

дуалы ауыздан шыққан бір ескертпеден, болмаса білікті тарихшының дәлелді бір мақаласынан тағдыры шешіліп, жөнге келуге тиіс осындай ұсақ-түйекке дер кезінде мән берілмегендіктен, кейін олар біріне-бірі жалғасып, түсінікті тұмандатып, халықтың өз тарихын шыншайы төл болмысында тануына кері әсер етер танымдық ірі қателіктер мен кемшіліктердің орын алуына себепкер болып отырғаны. Мұның сыртында мұнда бойымызға еркін тарап, ерік-жігерімізді билеп алған немқұрайдылыққа қоса өзгенің айтқанын ойсыз қабылдай беретін тарихи сауатсыздығымыз бен сыртқа еліктегіштігіміздің де үлесі бар екенін мойындауға тура келеді. Соның салдарынан бұл күнде қазақ халқының түптегі деп қабылданып жүрген: сак, дун, сәнби, жужан, түрік, татар, моңғол деген атаулармен танылған халықтардың тарихи түріктік таным-түсінік тұрғысынан өз болмысында әлі толық танылмай келеді. Бар бітіргеніміз кезінде еуроцентристік, русоцентристік көзқарас негізінде жазылған тарих деректерін сол күйі қайталау ғана. Соған орай бұл халықтардың атына да, затына да бұл күнде талас көп. Бұған қатысты өз пікірімізді «Мыңғұл мен моңғол және үш Шыңғыс» атты кітабымызда біршама тарата айтқан да едік.

Терендей зерделесек, сондай пайымдауларды бір мыңғұлдар емес, жаңағы, жоғарыда аты аталған, халықтардың қай-қайсысына да қатысты жасауға болады. Бірақ бұл арада біздің мақсатымыз отарлаушылар жұқтырған немқұрайдылық дертіне дем берген тарихи сауатсыздық пен еліктеушілік зардаптарына жұртшылық назарын аударту ғана болған-

ұлдың атымен: «Жошы ұлысы», «Шағатай ұлысы», «Үгедей ұлысы», «Төле ұлысы» деп аталған болатын. Бұл ретте «Қазақстан тарихы»: бүгінгі «Қазақстан аумағы моңғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі – Жошы ұлысының; Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысының; Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі Үгедей ұлысының құрамына кірді» (Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Алматы. 2010. 77-б.) деп атап көрсетеді.

Осының «Жошы ұлысы» осы ұлыстың негізін қалаушы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан өлгеннен кейін мұрагерлік жолмен әке орнын басып, таққа отырған Батый (Бату) (Жошының Орда-Еженнен кейінгі ұлы) ханның тұсында, нақтырақ айтсақ, 1243 жылдан бастап «Ұлы Ұлыс» деп аталады. Оның бұлай аталуы тарихи заңдылық еді. Өйткені Ұлы дала тұрғандары құрған мемлекеттің бәрі қай деңгейде екеніне (ірілі-ұсақтығына) қарамастан, ежелден қалыптасқан заңдылық бойынша ішкі құрылымы рулық-тайпалық жүйеге негізделгені мәлім. Соған орай далалық мемлекеттердің ішкі құрылымдық сатылары да рулық-тайпалық жүйе заңдылығына негізделген. Мұнда кемі екі, болмаса бірнеше аталықтың бірігуінен «ру» құралады. Сол секілді бірнеше рудың бірігуінен «тайпа», бірнеше тайпадан «бектік», бірнеше бектіктен «хандық», бірнеше хандықтан «қағандық», бірнеше қағандықтан «ұлыс», бірнеше ұлыстан «ұлы ұлыс» құралады.

Шыңғыс хан өлгеннен кейін сегіз жылдай уақыт өткен соң, Қарақорымда моңғол ақсүйектерінің бас қосқан құрылтайы өтіп, сонда Шығыс Еуропаға

жаңадан қосылған бірнеше ұлыстармен ұлғайып, күшеюіне байланысты енді «Ұлы Ұлыс» деп аталады (Ұлы Ұлыс – еуропалықтар танымындағы «империя», «держава» атауымен мағыналас – Қ.С.).

Міне, осыдан бастап, нақтырақ айтқанда, 1243 жылдан қашан Ұлы Ұлыс ыдырап кеткенге дейінгі аралықта өткен екі ғасырдан астам уақыт ішінде бұл елдің елдік атауында ешқандай өзгеріс болған жоқ. Ішкі-сыртқы жұрт та, осы Ұлы Ұлыстың негізін қалаған Батый ханнан бастап, оның ең соңғы билеушісі болған Тоқтамыс ханға дейінгі аралықта билік тізгінін ұстаған ел билеушілерінің бәрі бірдей өз елін «Ұлы Ұлыс» деп атаған, өздерін осы Ұлы Ұлыстың билеушілеріміз деп таныған. Мұның солай екеніне Ұлы Ұлыстың соңғы ханы Тоқтамыстың Литва королі Витовтың жазған хатының аяғына «Ұлы Ұлыстың билеушісі Тоқтамыс баһадүр-хан» деп қолын қойып, мөрін басуы да айғақ. Өйткені өзі басқарып отырған мемлекет «Ұлы Ұлыс» деп аталмаса, оның солай аталатыны сырт елге әйгілі болмаса, Тоқтамыстай білікті хан осындай маңызды ресми құжатқа «Ұлы Ұлыстың билеушісімін» деп қол қояр ма еді?!

Бірақ осындай басы ашық айғақты жайларға қарамастан, қазіргі ресми тарих ғылымында елдің «Ұлы Ұлыс» деген төл атауы аталмай, оның орнына «Алтын Орда» атауы қолданылып келеді. Басқаны айтпағанда, мұның солай екенін Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейінгі жазылған «Қазақстан тарихының» 2010 жылы жарық көрген көптомдығының екінші басылымының екінші томының: «Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақ мемлекетінің құрылуы мен дамуы» деген бөлімінің бірінші тарауының

ЕСКІ ҚАТЕЛІКТЕР

түгелдей «Алтын орда» деп аталғанынан (Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Алматы. 2010. 76-100-бб.) да көруге болады. Неге бұлай? «Алтын Орданың» Ұлы Ұлыстың атауы болып, басқа емес, академиялық еңбекке еніп, заңдастырылуы неліктен?

Бұл сұраққа «ресми тарихтың мемлекет атауын «Ұлы Ұлыс» деп атаймы, «Алтын Орда» деуі қате. Әмірде «Алтын орда» деген мемлекет те, империя да болмаған» деп қысқа қайырып, жауап беруге болар еді. Бірақ далалықтарға «көшкіншілер» (номад, кочевник) деп ат қойып, айдар тағып, халқын жабайылар (варварлар) санап, олардың елдік есімін де, халықтық атауында өздерінің қалауына қарай бұрмалап қолдана беретін еуропалықтар мен бастау тарихын солардың таным-түсінігіне бейімдеп жазған сырт елдің еуроцентристік, русоцентристік көзқарасымен жазылған тарихпен тарихи санасын қалыптастырғанын бүгінгі жұртшылықты бұл жауап қанағаттандырмайды. Қанағаттандырмағаны былай тұрсын, оны ойласарлық пікір ретінде қабылдай да алмайды. Оның солай болатынын, басқаны қойып, Жошы ұлысының негізі қаланып, шаңырағы көтерілген аймақтың байырғы тұрғындарының бұл бүгінгі ұрпақтары – өздерін осы ұлыстың тікелей мұрагеріміз деп есептейтін қазіргі Қазақстанның ел тәуелсіздігін алғаннан кейінгі тарихын жазып отырған кеңесіби тарихшылардың өзі Ұлы Ұлыстың тарихын «Алтын Орда тарихы» деп жазып отырғанынан-ақ аңғару еш қиындық туғызбайды. Сондықтан айтқанымыз түсінікті болуы үшін, оқырмандардан кешірім сұрай отырып, «Алтын Орда» деген мемлекет те, империя да болмаған» деуіміздің мәнісін басынан бастап, ежіктей түсіндіруге тура келеді.

Сонымен, өңгіменің әлқиссасын «Алтын Орда» атауындағы «орда» сөзінің сөздік төркіні мен атаулық мағынасын талдаудан бастайық.

Бұл ретте ой қайталап, сөзді көбейтпес үшін, «орда» сөзінің мән-мағынасына қатысты өзінен бұрынғы біраз зерттеушілердің топшылауы мен түйіндеуін талдай келіп, өз пікірін білдірген «История Отечества» атты еңбектің авторы Қалибек Данияровтың: «Көптеген түріктанушылар «орда» сөзі түріктің «орта» деген сөзінен шыққан деп есептейді. Басқаларға қарағанда осы шындыққа келеді. Қалай болғанда да, «орда» мемлекет сөзінің баламасы (синонимі) емес, «орталық», «астана» деген мағынаны білдіреді» (Данияров К. История Отечества. Алматы. 2000. Стр. 24.) деген тұжырымына ғана тоқталамыз.

Мұндағы алғашқы сөйлемдегі автордың көптеген түріктанушылардың «орда» сөзінің төркінін айтылуға азғантай дыбыстық өзгеріске түскен, нақтырақ айтқанда, «д» әрпі «т»-ға өзгерген түріктің «орта» деген сөзі деп тануын да және оны «басқа пікірлерге қарағанда дұрысы осы» деп қабылдауын да, біз өз тарапымыздан дұрыс тұжырым деп қабылдай алмадық. Өйткені бұл, бар болғаны, атау сөздің төркінін ғылыми талдау арқылы емес, ел билеушісінің ордасы қалайда елдің ортасында болуға тиісті ғой деген жалаң қисынға сүйенген, «орда» мен «орта» сөзінің ұқсастығынан басқа дәлелдік ешқандай негіз жоқ тиянақсыз тұжырым. Сондықтан бұл тұжырымның авторларымен келісу қиын.

Бұл орайда біз де, өз шамамызға қарай, біраз ізденіп көрдік. Соның нәтижесінде көңіл тоят-

тарлық дұрыс жауапты жазба дереккөздерінен де, тікелей осы мәселемен айналысқан ғалымдардың зерттеулерінен де емес, халықтың өзінің ауызша тарихынан тапқандай болдық.

Ауызша тарихтың дерегі бойынша: «орда» сөзі этимологиялық тұрғыдан алғанда түріктің «ор» сөзіне «да» жалғауы жалғану арқылы жасалып, әуелгіде тура мағынасында «ордың ішінде», «ордағы» деген ұғымды білдірген. Содан «қайда» деген сұраққа жауап беретін осы ор-да сөзі уақыт өте келе ұғымдық мәніне қарай кейінгі қолданыста ауыспалы мағынаны иеленіп, «не» деген сауалға жауап беретін атау сөзге айналған. Оның бұлай мағыналық өзгеріске түсуінің себебі елдің мынандай дәстүрлік тірлігіне байланысты шыққан.

Есте жоқ ескі замандарда далалықтар жаз шыға жайлауға көшіп, жайылым жағдайына қарай жазыла орналасқанда ел билеушісінің қызмет кеңесі болып белгіленген үйі міндетті түрде қазіргі стадиондардағы футбол алаңмен шамалас кең жазық аумақты қоршай төрт бұрышты етіп қазылған терең ордан ішінде қолдан биіктетіп үйілген арнаулы орынға тігілген. Арнайы дайындалған мұндай орынды халық «шыт» деп атаған (ретіне қарай айта кетелік, осындай шыттың жел мүжіп, жаңбыр шайып әбден ескірген көне қалдығын (жұртың) ежелгі түрік қағандары ордасын тіккен әйгілі Ұлытаудың теріскей шығысындағы кең жазықтан 1965 жылы жергілікті көнекөз қарттың бастауымен арнайы іздеп барып, өзіміздің де көргеніміз бар).

Шыт үшін төрт бұрышты етіп үйілген топырақтың төрт қабырғасы мен беті түгелдей осыған арнап басқа жақтан арнайы әкелінген көк шөпті шымен көмкеріледі екен. Арнайы күтімге алынған шымның көк шөбі сонау қоңыр күзге дейін түрін өзгертпей, сары далада үнемі жасыл кілем жапқандай ерекше көз тартып тұратын болған.

Қазақтар арасында бүгінге дейін қолданылып жүрген, ине-жіптен жаңа шыққан киім киген адамға айтылатын «шыттай киініп», тұтынылғанмен, өңін бермеген затқа айтылатын «шыттай жаңа» деген тұрақты тіркестер тікелей осы шытқа байланысты шыққан көрінеді. Жәугершілік заманда ел билеушісінің қауіпсіздігі үшін шытты қоршай қазылған орда су жіберілген. Шамасы шыттардың дала өзенінің бойына таяу орналасатыны осыдан болса керек. Біз көрген шыттың орны да өзен аңғарынан елу-алпыс метрдей жерде орналасқан.

Міне, әуелдегі сөздік мағынасы «ор ішіндегі», «ордағы»; кейінгі қолданыстағы мағынасы «ел билеушісінің әкімшілік үйі, кеңесі» дегенді білдіретін «орда» сөзі осылайша пайда болған көрінеді. Бұл ретте зерттеуші Қ.Данияровтың: «қалай дегенде де орда «мемлекет» сөзінің баламасы (синонимі) емес» деуінде жасы бар. Расында да, «орда» атауы ешқашан мемлекеттің атауы болмаған. Көптеген дерек көздерінде оның жеке айтылмай, көп жағдайда «ханның ордасы», «қағанның ордасы» деп біреуге еншіленіп айтылатыны да содан болса керек. Осындай хан мен қаған ордаларының кейбірі «Алтын Орда» деп аталып, ерекше есептелгенмен, олардың да атқаратын қызметі басқа жай ордамен бірдей мағынада. Екеуі де, яғни «орда» да, «алтын орда» да, бар болғаны мемлекет билеушісінің әкімшілік үйі, қызмет жасайтын кеңесі, еуропалық

түсінікпен айтсақ, резиденциясы. Бар айырмашылық: ханның немесе қағанның кеңесі болған осындай үйдің, яғни орданың сән-салтанатын асыру үшін кергелерінің басын, уықтарының қарларын, шаңырағының шеңберін алтынмен аптап, сөндеп әшекейлеуінде ғана. Мұндай алтын ордалар және Батый құрған Ұлы Ұлыстан бұрын да болған. Бұл ретте, басқаны айтпағанда, өзіміз тарихтан білетін Бірінші Шығыс Түрік қағанатының атақты қағаны Дизабұлдың Византия елшісі Земархты осындай іші-сырты алтынмен апталған Алтын Ордада қабылдағаны белгілі. Ал мұны нақты Шыңғыс хан заманына тураласақ, мысалы, Рашид ад-Дин өз еңбегінде Қарақорымда мың адам сыятын үлкен үй тігілгенін, оның уықтарының алтынмен апталғанын, ол үйді «Алтын Орда» деп атайтынын жазады (Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 2. Стр. 41). Сол секілді Плато Карпини ұлы хан Күйікті таққа отырғызу рәсімін өткізген үйдің де «Алтын Орда» деп аталғанын айтады. Кейінгі Қыпшақ даласының ұлы ханы әз-Жәнібектің (1341-1357 жж.) үйінің де «Алтын орда» аталғаны мәлім (Салғараулы Қ. «Қазақтың қилы тарихы». Алматы. 1992. 79-б.). Бұлардан басқа да алтынмен апталғанына орай «Алтын Орда» аталған ұлыс хандарының ордалары баршылық.

Міне, осылардың өзінен-ақ ешбір «орданың», тіпті, «Алтын Орда» аталса да, ешқашан мемлекеттің аты болмағаны анық аңғарылады. Мұны, оқырман түсінігін одан әрі нақтылай түсу үшін салыстырмалы түрде айтсақ, мысалы, «Алтын Орда» дегеніміз далалықтардың мемлекеті үшін, қай заманда да болсын, бар мән-мағынасы қазіргі АҚШ-тың «Ақ үйі», болмаса Ресейдің «Кремль» дегенімен бірдей. Бірақ осылай екен деп ешкім Америка Құрама Штаттарын «Ақ үй мемлекеті», Ресей Федеративтік Республикасын «Кремль мемлекеті» деп атамайды, бәрібір «осылай

“

Қазақстан ешқашан да көпұлтты мемлекет болған емес. Қазақ қазақ аталып, өз алдына жеке мемлекет құрғанынан бастап, қашан патшарақ Ресейдің бодандығына өткенге дейінгі арада қазіргі қазақ жерінде қазақтан басқа өзге ешбір халық та, олардың өкілдері де мекендеп тұрмаған, тек бірыңғай қазақтар ғана болған

десек те жұрт түсінеді ғой» деп, оны ғылымға мемлекет атауы ретінде енгізбейді. Алайда осыған қарамастан, қазақ тарихшылары әлі күнге, жоғарыда айтқанымыздай, ресми тарих оқулықтарында да, академиялық ғылыми зерттеулерде де «Алтын Орданы» Ұлы Ұлыс атауының баламасы ретінде ешқандай түсінік, ескертпес қолдана береді. Ең ғажыбы, білмегендіктен емес, біліп тұрып осылай істейді. Мұның тарихи сауатсыздық; өз елінің мемлекетінің мемлекеттік құрылымына, оның атауына деген неқұрайдылық; өзгелердің айтқаны мен жазғанын ойсыз қайталай беретін ессіз еліктеушілік екенін елеп, ескеріп жатқан жан және жоқ.

Осы орайда «от жанбаса, түгін шықпайды» деген қағидаға сүйеніп, «Алтын Орданың» неліктен мемлекет атауына айналып, ғылыми айналымға еніп кеткені жөнінде де бір ауыз сөз айта кету қажет сияқты. Бұған қатысты айтылар ой түйінін айтсақ, «Алтын Орда-

ның» мемлекет атына айналып, тарихқа еніп кетуінің негізгі күнәһары – русоцентристік көзқарастағы орыс тарихшылары. Оның негізі олардың Орыс империясының құрамына енген, өздері «бұратана» деп санайтын халықтардың бәрін жабайылар санап, соларға қатысты айтылған өз пікірін талдауға, сынауға жатпайтын ғылыми тұжырым ретінде ғылымға (тарихқа) енгізуді әдетке айналдырған өзіншегі менмендігінен бастау алады. Ал қазақ тарихшыларының бар-жоғы солардың осы сыңарзақ тұжырымдарын ойсыз қайталау ғана. Мұның солай екенін тарихи деректер арқылы көрсетуге болады.

Қарақорымда өткен құрылтайдағы моңғол ақсүйектерінің шешімі бойынша Жошы ұлысының билеушісі Батый ханның басшылығымен Батыс елдеріне жасалған орасан шапқыншылық жорықтан кейін орыс кінәздіктері неліктерінің түгелімен Ұлы Ұлыстың құрамына еніп, соның боданына айналғанын жоғарыда қысқаша қайырып, айтқан болатынбыз. Міне, сол кезден бастап, қашан Ұлы Ұлыс ыдырағанға (1480) дейін олар сол бодандықтан босаған жоқ. Ұзаққа созылған осы бодандық кезеңде кешегі советтік дәуірдегі одақтас республика басшыларының Бірінші хатшылық қызметіне беку үшін Мәскеуге баратыны сияқты, сол кездегі орыс кінәздері де Ұлы кінәздікке бекуге Ұлы Ұлыс билеушісінің ордасына арнайы барып, оның келісімін алатын болған. Орыс кінәздерінің осындай шаруамен Ұлы Ұлысқа барған сапарларын жазған орыс жылнамалары олардың барған мемлекетінің атын атамай, оның орнына оларды қабылдаған билеушінің кеңесінің, яғни ордасының атын көрсеткен. Ұлы Ұлысқа барған сол кінәздердің «Алтын Ордаға кеттік», «Алтын Ордадан келдік» деген ауызша мәліметтерін қағазға түсірген орыс жылнамаларында: «Ұлы кінәз пәленше Алтын Ордаға кетті», «Алтын Ордада мынандай жай-

жазушылардың орыс жылнамаларында кездесетін осы «Алтын Орданы» ешқандай негізсіз, ғылыми талдап, зерттеусіз өз қалауларына Ұлы Ұлыстың баламасына айналдырып жібергені анық байқалады. Бірақ нақтылық үшін айтсақ, ол да бірден солай болып кетпеген секілді. Алғашқыда тек орыс тарихшыларының қолданысында ғана болған «Алтын Орданың» Ұлы Ұлыстың аты ретінде халықаралық деңгейде ғылыми айналымға енуі В.Г.Тизенгаузеннің «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы» атты еңбегі жарық көргеннен кейін басталған тәрізді (Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды». Санкт-Петербург. 1840). Осыдан кейін еуропалықтар да, басқалар да «Ұлы Ұлыс» атауының орнына жаппай «Алтын Орда мемлекеті», «Алтын Орда империясы» дегенді қолдана бастағанын көруге болады.

Бірінде жаңсақтығы, бірінде қателігі басым, ал енді бірінде ғылыми нақтылығы жоқ осындай кемшіліктер, ең өкініштісі, қазақ тарихында осы жоғарыда айтылғандармен шектелмейді. «Негізі еуропалық таным-түсінікпен жазылған тарихтан мұндай олқылықтың бір емес, бірнешеуін кездестіруге болады. Мұның солай екенін, тіпті, басқаны айтпағанда да, далалықтардың түптегі деп танылған ежелгі көне халықтардың бәрін бірдей тарихтан тарата талдап жатпай-ақ, олардың тек халықтық атаулары мен тарихи тұлғаларының есімдерінің өзін тарихшылардың қалай өз қалауларына бұрмалап, әртүрлі қолдана беретінінен де анық көруге болады. Айталық, қазақ тарихшылары түріктестес халықтардың арғытегі ретінде сақтар мен ғұндарды атап, төл тарихының әлқиссасын солардың тарихын баяндаудан бастайды. Алайда, солай болғанмен, осының «сағ»-ын еуропалықтар «скиф» деп атайды, оларды «үндіеуропатілдіс халық» деп танып, өздерінің арғы тегі санайды. Сондықтан олардың бұларды түріктестес халықтарға жуытқысы жоқ. Ал бұған керісінше ғұндардың түріктілдес халық болғанына таласпайды. Солай екенін бәрі бірдей мойындайды. Бірақ сөйте тұрып, олар Шығыста осындай бір халықтың болғанынан және олардың құрған империясының х. э. дейінгі III ғасырдың аяғы мен х. э. кейінгі I ғасырдың соңына дейінгі аралықта (300 жыл!) өмір сүріп, Қытайдың әйгілі Хән (Хань) империясын ұзақ жылдар бойы салық төлеп тұруға мәжбүр еткеннен мәлімет берер жалғыз дерек көзінің дерегін ешқандай негізсіз мансұқ етіп келеді. Бұл – жалғыз дерек көзі қытайдың әулеттік шежірелері, нақтырақ айтсақ, Чин (Цинь) мен Хән (Хань) империяларының тарихын жазған қытайдың атақты тарихшылары Сыма Чиэн (Цянь) мен Бан Гудің тарихы. Мұнда біздің қазіргі таңда «ғұн» деп атап жүрген халқымыздың қытайша аты – «Сиунну» (бұрынғы оқылуға: «хунну»). Оның қытай иероглифпен берілген таңбасы мынау: «匈奴». Бұдан басқа бұл халықтың халықтық атауына қатысты нақты немесе қосымша мәлімет беретін нақты ешқандай дерек көзі жоқ. Сондықтан осы халықтың тарихына қатысты қалам тартқан қай елдің қандай ғалымы болсын, бәрі өз пайымдауын тек осы дерек көзіне сүйену арқылы жасауға мәжбүр. Басқа амалы жоқ. Солай болғандықтан, бұл халықтың қытайша берілген «сиунну»

деген атының мән-мағынасын ашатын нақты басқа айғақты дерек тауып, қашан ғылыми органы мойындатқанша, оны әркімнің өз қалауы бойынша бұрмалауына немесе басқа атқа өзгертуіне болмайды. Бұл – ғылымның талабы. Өзгерту үшін, мысалы, көнеқытайлықтардың х. э. кейінгі VI ғасырда Шығыста осындай далалық империя құрған басқа бір халықты «Тугю» (Туцзю) («突厥») деп атаған атауын XIX ғасырдың аяғында Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі тасқа жазылған жазулардың оқу кілтін дат ғалымы В.Томсен тапқаннан кейін және оның дұрыстығын жалпы жұрт мойындаған соң ғана, оны «Түрік» деп атап, ғылымға енгізілгені сияқты бұлтартпас айғақ; нақты факті керек. Онсыз жасалған болжам да, тұжырым да негізсіз, жай бопса болып қалмақ.

Бірақ осындай ғылым талабына қарамастан, қазіргі ресми тарих ғылымында әр халық өз тарихтарында «сиунну» атауын өз қалауына бұрмалап, бұзып жазып келеді. Нақтылық үшін айтсақ, мысалы, бұл халықты қазір орыстар: «хунну» (олар кейін орыс синологтарының Қытайдан келген В.С.Таскин, А.Г.Малаякин секілді жаңа бұзын өкілдерінің ықпалымен бұрынғы Н.Я.Бичуриннің аудармасы бойынша қолданылып келген бұл атауды «сионну»-ға өзгертіп – Қ.С.); еуропалықтар «гунны»; татарлар «хуннар»; Түркия түріктері, қырғыздар және башқұрттар «хун»; түрікмендер мен өзбектер «гунн»; тывалар «гуннар»; чуваштар «хунсам»; «қазақтар «ғұн» деп атайды. Ең ғажыбы, бұлардың бірде-біреуі көнеқытайлықтардың «сиунну» деп атаған атауын неге бұлай өзгертіп алғанына ешқандай ғылыми талдау жасамайды, түсініктеме бермейді. Бейне бір түріктестес ежелгі халық болса болды, оның атын әркімнің өз қалауына өзгертіп ала беруі ғылыми заңдылық сияқты.

Шындығына келсек, тек халықтың атаулар (этнонимдер) ғана емес, сол халықтың тарихи тұлғаларының есімі (антропонимдер) де осындай күйі кешіп келеді. Бұл ретте, басқаны былай қоя тұрып, осы Сиунну империясының негізін қалаған айтулы тұлғаны алыңызышы. Оны орыстар: «Модэ», еуропалықтар «Маудун», түркиялық түріктер «Мете», қазақтар: «Мөде» және осылар сияқты етіп алып, ғылымға енгізді. Неге бұлай? Әлемнің ежелгі көне халықтарының бірде-біреуінің (дамып алға кеткендерінің де, артта қалғандарының да) халықтық атауларын, кісі есімдерін бұрмаламай төл атымен атайтын зерттеушілердің тек түріктестестердің халықтық атауына келгенде жарыса «тапқырлық» танытып, оларды өз қалауына бұрмалай беретінінеліктен? Тек бұл ретте ғана емес, жалпы ежелгі түріктестес халықтардың тарихына қатысты қойылар осы «неге?», «неліктен?» деген сұрақтарға тарихшылардың жауап іздейтінін қалай түсінуге болады? Түптеп келгенде, тарихты ғылымға айналдыратын да осы сұрақтардың жауабы емес пе?

Қалай болғанда да ертелі-кеш бұл сұрақтарға бір жауап берілуі керек қой. Өйткені бұл сұрақтарға нақты жауап берілмейінше, шындыққа жету мүмкін емес. Сондықтан бұл жолы ғана емес, алда да талай қайталанатын осы «неге?», «неліктен?» деген сұрақтардың жауабын бізден де гөрі айтары мол кәсіби тарихшылардың бергені мақұл. Сол себепті осы орайдағы өз пікірімізді ірге тұрып, бұл әңгімені әзірге осымен тәмамдап, соларға кезек беруді ісін көрдік. Солардың игілікті ісін сәттілік тілелік. Ізденісі сапалы, табысы мол болғай!

№132 (4565) 07/11/2023 Сейсенбі

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тапқаны белгілі. Яғни билік бұқараға барынша жақын болуы керек. Шенеуніктер алдына келген адамға шексізін қарамай, қайта мәселесін шешіп беруге ұмтылуы тиіс. Президент Жолдауында айтылған пікірді, міне, осы екі ауыз сөзге сыйдыруға болады.

ХАЛЫҚТЫҢ СӨЗІН КІМ ЕСТИДІ?

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты мақсаты билік пен халық арасында конструктивті диалог орнату болса, қоғамдағы ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел түрде назар аудару – басты басымдықтың бірі. Цифрландыру дәуірінде, электронды Үкімет қарқынды дамып жатқан кезде бұл іс кешеуілдемейтін шығар деген үмітте болғанымыз рас. Тұрғындардың көп бөлігі солай ойлады. Мемлекеттік органдар мен олардың өкілдері, басшылары әлеуметтік желіде өз парақшасын жедел ашып, танымал топтарға тіркеліп, тікелей эфирге жаппай шығуы байқалды. Тікелей эфирдегі кейбір өзекті сауалдарына тұрғындар әп дегеннен жауап ала алған жоқ, мемлекеттік қызметшілер көбіне ресми түрде сұраныс жіберу керегін алға тартты. Жеке келетін сұрақтар көбіне жауапсыз қалатын. Бұл тенденция әлі де жалғасып отыр.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Жалпы, азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың тиімділігін арттыру – еліміздегі прокуратураның басты назарында. Өйткені соған қарап халық мемлекеттік билік органдарының қызметінің



БИЛІК ПЕН БҰҚАРА БІР БОЛСА, ШЕШІЛМЕЙТІН ТҮЙІН ЖОҚ

Мемлекеттік мекемелердің халықпен ашық жұмыс істеуі, диалог құруы неге дұрыс жолға қойылмайды? Бұл мәселені ел Президенті жыл сайынғы Жолдауларында, Парламент өткізген мәжілістерде де қадау-қадау мәселе ретінде үнемі айтып жүр. Осыған орай, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» немесе «Естіген мемлекет» атты тұжырымдамалар қабылданғаны да белгілі.

– Барынша өз міндеттерімді, құқығымды білуге тырысамын. Яки әлеуметтік желіде азаматтардың құқықтары жайлы жазылса оқып, есте сақтап аламын. Алайда құқықтық сауаттылығымды 20-30% деп бағалар едім. Шыны керек, біздің қоғамда құқықтық сауаттылық аса бір жоғары емес. Мектептерде құқық сабағы өткенмен, ол жерде сабақ құқыққа қарағанда бір тарих іспетті, сабақ көбінесе заң туралы өз пікірін білдірген ойшылдың өмірбаяны

алатын қызметін ақы төлеген, тағысын тағы түрлі шағымдар жетерлік. Бұл жерде адамның құқығы тапталып жатыр. Адам өз құқын қорғау үшін де заңмен танысып, болмаса заңгерлермен кеңесуі қажет, – дейді елордалық Қуандық есімді азамат.

Жуырда бір әріптесіміз желіге жазды: «Еліміздің ең ірі қаласының бірінде бір сыныпта бастауыш сынып оқушыларына тегін тамаққа пайдалану мерзімінен 2 жыл өтіп кеткен йәурт берген... Негізі, Қазақстан бойынша түгел тексеру керек. Жемқорлардан неше түрлі сұмдық шығады» деп. Оған шулап, билікті даттаған еспсіз комментарийлер кетті. Сонда желіде отырғандардың ең болмаса біреуі «аталған ресми органға арнайы шағым жазып, ресми хат жолдау қажеттігін, шағым арнайы тіркелмей, меморганнан жауап болмайтындығын» айтқан адам жоқ. Желіде шулайды да қояды. Көпшіліктің Заңдарды біліп, өз құқын қорғау жолында білігі аз, оған ықпалсыз да жоқ.

Мысалы, осы шағымға заңды білген кісі былай деп жауап қатуы керек еді: «Жалпы, мектептер жұмысын бастаған кезде санэпидқорытынды алу қажет. Егер мектепке шағым болған жағдайда, шағымданушы ата-ана фактінің күнін, уақытын белгілі бір қосымша арқылы анық жазып, фото, видеоматериалды қосымша тіркеп, шағымданушы адам жеке куәлігі мен ЖСН-мен ресми органға жаза алады». Ілгеріде осы салада жұмыс істегендіктен, бар білгенімді комментарий ретінде жазуыма тура келді. Білгенімнен бөлісу де – парыз.

БИЛІК БАҚ-ҚА НАЗАР АУДАРСА...

Үнемі айтып жүргеніміздей, елдегі бұқаралық ақпарат құралдары билік пен бұқара арасындағы алтын көпір болуға міндетті. Бақ атаулының орын алған кемшіліктерді көзге шұқып көрсетуі – бұқара алдындағы парызы. Оны биліктерілердің басым бөлігі жақсы біледі. Сондықтан телеарналар мен мерзімді басылымдарды қалт жібермей қадағалап, бүгінгі жағдайдың қандай бағыт алып жатқанына жіті назар аударып отырады. Әрине, бәрі бірдей емес. БАҚ-тың мәні мен атқаратын рөлін түсінбейтіндер лауазымдылар арасында жетерлік. Олар үшін БАҚ босқа далбақтаған тобыр болып көрінеді. «Айтады да қояды, ауыз өздерінікі ғой» деген ұғымда ондайлар. Осындай таяз ойлайтын-дар көбіне саяси жағынан сауатсыз боп келеді. «Билік өзіміздің қолда тұрғанда олар не бігереді?» деген менмендік соқыр сеніммен жүреді. Ондайлар жан-жағында орын алған жағдайдың кез келген кезде өзгеріп кету мүмкін екенін түсінбейді.

«БАҚ туралы заңға» иек артсақ журналистерге ақпарат алуға ешқандай кедергі жасалмауы керек, оған қоса басылымда жазылған мәселеге байланысты жергілікті орындар жауап беруге міндетті. Өйткені журналист жергілікті биліктен өзі үшін нан, я ақша сұрап барған жоқ. Мақалада қоғамдағы орын алған кемшіліктер көрсетілгендіктен, соның себебін және оны түзетуді оқырман, яғни бұқара білуі қажет, оны талап етуге құқылы. Бірақ, бұл заңдылық көп жағдайларда сақталмайды.

**БҰРЫНДАРЫ БАСПАСӨЗДІҢ ПӘР-МЕНДІЛІГІН БИЛІКТІҢ БАСПАСӨЗДІ
УАҚЫТЫНДА ОҚЫП, КЕМШІЛІКТІ ТЕЗ
АРАДА ТҮЗЕТУІНЕН КӨРІНЕТІН. ГАЗЕТ
БЕТТЕРІНДЕ, ТЕЛЕАРНАЛАРДА КӨР-
СЕТІЛГЕН КЕМШІЛІКТЕР КӨПШІЛІКТІ
ТАЛҚЫСЫНА ТҮСІП, ОЛҚЫЛЫҚТАР
АЙТЫЛЫП, СЫННАН ҚОРЫТЫНДЫ
ШЫҒАРЫЛАТЫН, ТІПТІ ШЕНЕУНІК-
ТЕР ОРЫНТАҒЫНАН АЙЫРЫЛЫП
ЖАТҚАН ОҚИҒАЛАР ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН**

тиімділігіне баға береді. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері – бұл заңдылықтың ең объективті көрсеткіші екені баршаға мәлім.

Елімізде қолданыстағы заңдар шеңберінде мемлекеттік органдардың ақпараттық және көпшілікпен байланыс жұмыстары жақсы жолға қойылуы тиіс еді. Бұл ресми органның ашықтығын, пәрменділігі мен жариялылығын, беделі мен мәртебесін нығайтудағы баспасөздің маңызды екеніне тағы көз жеткізе түсеміз. Алдағы уақытта да билік БАҚ-пен байланысты жақсартуға міндетті. Ал енді азаматтарымыз өз құқықтарын қаншалықты біледі, олар құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінеді? Дегенге келсек, құқықтың адамдар арасындағы қоғамдық қатынасты жақсарту үшін, реттеп, жүйелеп отыру үшін жасалғанын білеміз. Ал құқықтық сауаттылық – өзіңіздің және өзгенің құқығын, заң шеңберіндегі міндеттері мен мүмкіндіктерін білу және оны орынмен дұрыс жүзеге асыру.

мен қанатты сөздерін оқу арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік желіге кіріп өз құқықтарымызды оқуға тырысқан кездерім болған. Алайда түйгенімнен түсінбегенім көп болды. Тым ғылыми-теориялық тілде жазылған, – дейді Әйгерім атты астаналық оқырман редакцияға келгенінде.

– Құқықтық сауаттылық әр адамға керек. Әсіресе, қазіргі заманда. Себебі қазір барлық жерде заң үстемдік етеді. Заң жүрген жерде әр адамның құқығы қоса жүреді. Барлық адам тең құқылы. Ешкімнің ешкімге зәбір көрсетуге, әлімжеттік жасауға құқы жоқ. Бұл – әр адам білуі керек болған құқықтық сауаттылықтың әлқиссасы. Сонымен тағы нені білуіміз керек дегенде, мыналарды ескерген жөн. Еліміздегі әр тұрғын тегін орта білім алуға, тегін медициналық тексерістерден өтуге құқылы. Бұл – мемлекеттің өз азаматтарына жасаған дүниесі. Әлеуметтік желіге көз салсаң, еңбекақысын ала алмаған, орынсыз орнынан қуылған немесе тегін

P.S: Қазір қайда не айтылса да, кім көрсетілсе де ешкімнің жанайқайға басы ауырмайтын болып алды. Бедірейген, безбүйрек қоғамға айналып барамыз. Бәрінен де осы қорқынышты. Сондықтан да, халық қалаулылары заңдарды қабылдағанда да осы БАҚ-та жарияланған проблемаларды жою жолындағы БАҚ-тың пәрменділігіне қатысты да арнайы баптар енгізу керек екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Өркениетті елге ұмтылып, демократиялық қоғам орнатамыз десек, осы мәселеге ерекше назар аудару қажет-ақ.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

Өткен айдан бастап елімізде киіктердің санын реттеу мақсатында 337 мың киікті аулауға рұқсат берілді. Оған бастысы, киік саны күрт өсіп, ауыл шаруашылығына орасан зор шығын әкелгені себеп болған.

ӨЗІ ҚОРҒАП, ӨЗІ ҚЫРА МА?

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың айтуынша, 2003 жылы Қазақстанда бар-жоғы 21 мың киік бар болса, бүгінгі таңда оның саны 2 млн 600 мыңға жетіп, ауыл шаруашылығына 12 млрд теңге шығын әкелген. Бірақ бізде бұл шығын қалай есептелді? 20 жылда 20 мың киік 2,5 миллионға қалай жетті деген сұрақ туды. Тіпті жыл сайын егіз тапты деген күннің өзінде еркек төлі мен табиғи сұрыпталуын (қартайып өлуі, індеттен қырылу) ескерсек, киік санының 20 жылда 2,6 миллионға жетті деген қисынға сыймайды. Оны қасқыр жемей ме?! Арықтап өлмей ме?

2015 жылы Американың NBC News сайты Қазақстандағы киіктердің жаппай қырылуы жайлы жариялаған мақалада «төрт күнде 60 мың ақбөкен қырылып қалды, бірақ мұның себебін әлі ешкім білмейді» деп жазса, Ұлыбританияның Express газеті қазақ даласындағы 140 мың бас киік екі аптаға жетер-жетпес уақыт ішінде белгісіз себептен қырылғаннан кейін әлемдегі киік саны екі есеге азайған деп көрсетті. Демек, Экология және табиғи ресурстар министрінің киіктің саны жөніндегі мәліметінде үлкен ағаттық бар немесе атауға сылтау табу үшін осылай көбейтіп көрсеткен болуы мүмкін.

Киікті атауға рұқсат бергеннен кейін қазақтың даласы ғана емес, әлеуметтік желісі де қан сасып кетті. Атап айтқанда, бейберекет қырылған киіктердің ішек-қарны, тері-терсегі көрінген жерде шашылып жатқаны жайлы ақпараттар желіде желдей есіп, киіктің обалынан қорыққан жұрт бұл шараға наразылықтарын білдіргенімен, құлақ асқан ешкім болған жоқ. Керісінше, киік еттері базарда 1500, 1700 теңгеден саудаланып жатқаны мәлім болды. Әрине, киікті атауға рұқсат берілгенімен, оны кім көрінгенің атып жеуіне рұқсат жоқ. Яғни «Охотзоо-пром» сияқты белгіленген

мекемелер ғана атуына құқылы. Қазақстанда киіктерді заңсыз ату немесе зиян келтіргені үшін, жануардың еркегін атқандарға – 500 АЕК, ал аналық киік пен төлін атқандарға 350 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Түрмеге тоғытылуы да мүмкін. Түз тағысын ату, аулау үшін ешбір аңшыға квота берілмейді. Неге олай? Киік етін сатудан түскен ақша қайда жұмсалады? Оны қандай мекеме қадағалап отыр? Атылған бөкеннің мүйізі қайда?

Мүйіз демекші, емдік қасиетке ие бөкен мүйізіне қазір сұраныс өте күшті. Көрші Қытай елінде бөкеннің бір жұп мүйізінің өзі неше мың юаньға (мөлшермен 100-300 мың теңге аралығы) саудаланады. Браконьерлердің көбіне ақбөкен атауға әуес болатынының себебі – осында. Демек, киіктің санын азайту қырылуы жайлы жариялаған мақалада «төрт күнде 60 мың ақбөкен қырылып қалды, бірақ мұның себебін әлі ешкім білмейді» деп жазса, Ұлыбританияның Express газеті қазақ даласындағы 140 мың бас киік екі аптаға жетер-жетпес уақыт ішінде белгісіз себептен қырылғаннан кейін әлемдегі киік саны екі есеге азайған деп көрсетті. Демек, Экология және табиғи ресурстар министрінің киіктің саны жөніндегі мәліметінде үлкен ағаттық бар немесе атауға сылтау табу үшін осылай көбейтіп көрсеткен болуы мүмкін.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қоңыр аңды қорғауға қыруар қаржы жұмсадық. Киікті қорғау жолында көз жұмған қорық қорғаушылары да аз емес. Бір киік атқаны үшін айып төлеп, сотталып жатқандар да бар. Былайша айтқанда, үкімет мемлекеттің ақшасымен киікті қорғап, мемлекеттің ақшасын жұмсап қырып жатыр. Егер киік расында тез өсіп жатқан болса, мамандар ертерек жоспарлауы керек еді ғой. Яғни, әр жылы күзде киік атауға квота бөліп, аңшыларға рұқсат етсе, олар атқан аңы үшін мемлекетке ақша төлеп отырса, заңсыз аулайтын браконьерлер болмаса еді, қорық қорғаушылар олардың оғынан өлмесе еді.

Қысқасы, «Ауыл шаруашылығына зиян әкелді» деген желеумен киікті жаппай қыру – үйлесімсіз шешім. Мұның астарында жоғарыда айтқанымыздай, әлдекімдердің ақша табу сынды арам ойы жатқан болуы мүмкін.



САУАТТЫЛЫҚ – АЛАЯҚТАРҒА ТОСҚАУЫЛ

Қазіргі кезде қаржы қызметінің қарқынды дамуы, өнімдерді онлайн форматқа ауыстыру және жаңа цифрлық технологияларды енгізу секілді халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелері өзектілігін жоймай отыр. Бұл ретте көптеген адам қиындықты бастан кешіруде. Ол кейде дұрыс ойламау мен қаржы саласындағы білімнің жеткіліксіздігіне байланысты туындап жатады. Осыған орай, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қаржы кафедрасының аға оқытушысы Әсем АЖМҰХАМЕДОВА қаржылық сауаттылық деген не және алаяқтардан қалай қорғануға болатыны туралы пікір білдірді.

– Қазіргі уақытта халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі қандай деп ойлайсыз?

– Егер Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020-2022 жылдар кезеңіне жүргізілген жатқан әлеуметтік сауалнамасының дерегіне сүйенсек, онда Қазақстанда қаржылық сауаттылық деңгейінің өсуі байқалады. Сонымен қатар барлық шотты уақытында төлейтін 30 жастан асқан адамдар арасындағы сауаттылық деңгейі – 48,6 пайыз, сатып алуды үнемі қадағалайтындар – 46,2 пайыз және кірістер мен шығындарды мұқият қадағалайтындар – 43,8 пайыз, ал жастар арасында бұл сандар тиісінше 12,6 және 12,2 пайызды құрайды.

– Қаржылық білімді арттыру – уақыт талабы. Бұл ретте сауаттылық арқылы қаржы пирамидасын қалай тануға болады?

– Банктардағы түрлі цифрлық сервистер мен кредиттеу қызметтерінің дамуымен, алаяқтық пен инвестициялық компаниялар түріндегі қаржы пирамидасының өсуімен қазақстандықтар жиі алаяқтардың құрбаны болуда.

Адамдардың қаржы пирамидасына қаражат беруінің басты себебі олардың психологиясына тікелей байланысты. Біріншіден, салымшының көбі – егде адам, яғни КСРО кезінде туғандар. Олар БАҚ пен жарнамаға құдайдай сенеді. Екіншіден, бұл – сырттағы адамдардың сөзіне иланатындар. Үшіншіден, олар өзін басқаларға қарағанда ақылды және айлакер деп санайды. Шын мәнінде, мұндай адамды алдау әлдеқайда оңай. Олардың көбі жұмыс істемейтін адамдар: зейнеткерлер және бұл ақшаны мандай терімен таппағандар. Төртіншіден, жастар арасында қаржылық сауаттылықтың болмауы, тез ақша табуға деген құштарлық оларды жарға итермелейді. Үлкен пайызбен көп несие алудан арыла алмай келе жатқан адамдар оны жабу үшін тағы қарыз алады. Демек, артық сатып алудан аулақ болу немесе алаяқтың қолына түспеу үшін мұқият болуды және қаржылық тәртіпті дамыту қажет.

– Адамның жеке басына қатысты және тұтастай елде қаржылық сауаттылық деңгейінің төмен болуы қандай зардаптарға әкеп соғады?

– Қаржылық сауаттылықтың 4 деңгейі бар. Нөлдік деңгей – ақшаның жетіспеушілігі, яғни қаржы туралы білімнің болмауы. Бірінші деңгейде ақша жеткілікті, қаржылық білім базасы бар. Екінші деңгейде ақшаны үнемдеу дағдысы бар, негізгі қаржы құралдарын біледі. Үшінші деңгей – ақшаны көбейту қабілетіне ие, жақсы білімі бар және қаржы құралдарын пайдалана біледі. Әр жолда жаңа деңгейге өту үшін қаржылық ойлау принциптерін зерделеуден бастап капиталды құруға дейін қаржылық сауаттылықты арттырып отыру қажет. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының мақсаты – қаржылық сауаттылықтың үшінші деңгейін қолдану, ол азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға, тұтынушылар үшін ақпаратқа

Оңалхан ӨНЕРХАН



қолжетімділікті кеңейтуге, сондай-ақ халықтың қаржылық қызметтермен көбірек қамтылуына және қолжетімділігіне мүмкіндік береді.

– Қаржыны қалай дұрыс басқаруға болатыны жөнінде оқырманға қандай қарапайым кеңес берер едіңіз?

– Қаржылай сауатты адам болу үшін және қаражатты дұрыс басқару үшін адам бойындағы жеке білім мен дағдыны, атап айтқанда, «жұмсақ» (soft skills) және «берік» (hard skills) дағдыны өз бетінше дамытуды үйренуі қажет. «Жұмсақ» дағдыларға қаржылық шешімдер қабылдау үшін ақпаратты сыни бағалау, отбасы мүшелерімен және нарық қатысушыларымен қаржылық мәселелерді талқылау, жеке қаржымен жұмыс істеуге мотивация іздеу, сондай-ақ шектеулі ресурстармен шығармашылық ойлау жатады. «Берік» дағдыларға жеке және отбасы бюджетін жүргізу: бухгалтерлік есеп, бақылау, талдау, жоспарлау, қаржылық мақсаттар қою, қолданыстағы әртүрлі қаржы өнімдерін саналы түрде таңдау, сондай-ақ отбасы активтің басқару: жинақтау, инвестиция, несие, отбасы және жеке қаржы жүйесін құру жатады.

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет тарапынан қолдау бар ма?

– Бұл ретте қаржылық инклюзия туралы айта кеткен жөн. Қаржы реттеушісі Solva микроқаржы ұйымымен бірлесіп, 18 жастан асқан мүмкіндігі шектеулі жандар, яғни «TeachMe» қоғамдық қорының қатысушылары үшін «Қаржылық сауаттылық» онлайн-курсын әзірледі. Курстың мақсаты – мүгедектерді өз ісін бастауға, капитал құруға және қаржылай тәуелсіз болуға ынталандыру.

– Бізге қаржылық сауаттылық пәні қажет пе?

– Қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында елімізде тегін курстар ашыла бастады, әсіресе егде адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тренинг өткізілуде. Мысалы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде үздіксіз білім беру институтының базасында «Күміс университет» моделі аясында егде адамдарға әртүрлі бағыт бойынша, соның ішінде қаржылық сауаттылық туралы білім беру бағдарламасы әзірленді.

– Балаларға қаржылық сауаттылық туралы айтып отыру керек пе?

– Айтып қана қоймай, оларды оқыту керек. Бала ақша мен шығынға қаншалықты ерте үйренсе, оның қаржылық жағдайы болашақта соғұрлым сәтті болуы мүмкін. Ақшаны дұрыс үнемдеуді және жұмсауды үйрену – жақсы дағдының бірі. Балалар көбінесе ата-анасының мінез-құлқын қайталайды. Сондықтан алдымен өзіңіз қаржылай сауатты болыңыз. Егер сізде бюджетті жоспарлаудың қарапайым дағдысы болмаса, онда баланың ұзақ мерзімді жоспарлауды түсінуі екіталай.

– Сіздіңше, елімізде қаржылық сауаттылық тақырыбын дамыту не үшін маңызды?

– Қазіргі кезде әлемде жаңа технология құралдарын жедел енгізу қаржы қызметін ұсыну үдерісін жоғары автоматтандыруға жол ашып отыр. Демек, бізге қаржылық сауаттылықты арттыру туралы ғана емес, цифрлық қаржылық сауаттылық туралы да айту керек. Цифрлық экономика жағдайында қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейін білу жеткіліксіз, бұл ретте ұялы телефон, планшет, компьютер секілді құрылғылармен жұмыс істей білу, сондай-ақ олардың көмегімен цифрлық қаржылық транзакцияларды жүзеге асыру қажет. Қаржылай сауаттылық тұрғысынан цифрлық контексте кеңірек көп қырлы тәсілді енгізу маңызды. Біріншіден, негізгі білім мен дағдыға ие болу керек. Бұл негізгі қаржылық тұжырымдамаларды: күрделі пайыз, инфляция, тәуекелдерді әртараптандыру; шоттар құру, пароль мен логинді басқару, құпия параметрлерді пайдаланудың мақсаты мен тәсілі туралы хабардар болу, қаржылық қызметтерді ұсынатын қосымшалардың қалай жұмыс істейтінін білу, қосымшада немесе платформада шот ашу, мәзірді басқару, қаржы операциясын қалай бастау, аяқтау, түзету немесе жою керекін білу қажет.

Сандық қаржылық қызметтер кез келген жағдайды байсалды бағалауға және алаяқтардың тұзағына түспеуге мүмкіндік береді.

Сәбина АРЫСТАН



ТҰЙЫҚҚА ТІРЕЛГЕН ТІРШІЛІК

Еліміз бойынша қаншама маман дабыл қағып, суицид мәселесін қозғап жатса да, қоғамда балалар, жасөспірімдер, ересектер арасында өзіне-өзі қол жұмсау азаймай тұр. Отбасындағы дау-жанжал, жалғыздық, әлеуметтік қиындықтар, желіден, адамдардан болған түрлі буллинг қиын жағдайға тап болған жандардың тіршілігін тоқтатуда.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

МӨЛІМЕТТЕР НЕ ДЕЙДІ?

Ішкі істер министрлігінің баспасөз қызметі берген соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде 2023 жылдың 10 айында 6769 суицид фактісі тіркелген. Оның ішінде 3207-сі өліммен аяқталса, 3562 оқиғада суицид жасауға тырысу әрекеті анықталған.

Адамдардың өмірден қол үзіп, тұйыққа тірелуіне, суицид жасауына олардың ауыр материалдық жағдайы, жалғыздық, отбасындағы ажырасу, туыс-бауыр қатынасының тоқтауы, яғни олармен жанжал (ұрыс, сөзге келіспеу, тағы басқасы), ауыр соматикалық аурулар, дәрі-дәрмек қолданудың мөлшерін білмегендік (ауырсынуды басатын дәрілерді мөлшерден тыс қолдану, тағы басқасы), қолайсыз тұрғын үй жағдайы себеп болғанын мамандар айтып отыр.

Мысалы, мектептегі біртоға момын балаларды бұзық мінезді балалардың үнемі басынуы, осындай біртоға балалардың әртүрлі шарадан шетқақпай қалып қорлануы, сабағының нашарлауынан әрең төменшік жүруі, үйінде ата-анасының да мейірім назарынан тыс қалуы, сөйте тұра осындай біртоға балалар «еліктегіш», «көргіш», «естігіш» секілді сергек балаларға қарағанда «сезгіш» болуы әлгіндей айналасынан келіп жатқан жайсыз әрекеттерден жан дүниесіне түскен ауыртпалықты ұзақ көтеруге шамасы жетпей, жас көңілі мына сұрқай өмірден өбден түңіледі екен.

Түңілудің соңы тұйыққа тірелу, алды тас қараңғы, ілгері басар жолы қалмаған, арты әлгіндей қатыгез. Міне, мойнына бір жіп салса болды, онсыз да бүкіл болмысы өлім торына келіп өзі түсіп тұр.

Биыл жыл басынан бері Астана қаласында барлығы 154 суицид фактісі тіркелді, 325 адам суицид жасамақ болған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 37 пайызға төмендеді.

СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Әрбір факт бойынша полиция қызметкерлері суицидке барудың себебін, жалпы мән-жайды толық тексереді. Адамдарға психологиялық және консультациялық көмек көрсетіледі. Сондықтан да білім мекемелерінде оқушылардың,

жұмыстары көңіл көншітерліктей емес екенін айтты. Менің қызметім – Үкіметтен ақы алмайтын таза қоғамдық жұмыс, штатта мамандарымыз да жоқ, тәжірибелі педагог ретінде қолымнан келгенше мектеп-колледждерде жасөспірімдерге қандай психологиялық көмек бере аламыз деген мәселе. Ата-аналарға мыңдаған сауалнама жолдап, жауабын алған соң оны талдап, талқылай келе мынаған көз жеткіздік, суицидке әсер ететін жағдай: біріншіден, әлеуметтік желідегі әлімжеттік, буллинг, сосын отбасындағы ұрыс-керіс, кикілжің, өкінішке қарай, баланың өмірден без кешуіне апарып соғады. Мектептерде балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша да біраз іс-шараны өткізіп жүрміз. Сонда байқағанымыз – тағы да мамандар жетіспеушілігі бар. Не істемек керек? Маман жетіспесе, мектептердегі сынып жетекшілеріне қиын жағдайға тап болғанда әрі дәрігер, әрі полиция, керек болса, психолог маман ретінде жедел әрекет етуге тура келетінін, солардың ғана қолынан шұғыл көмек боларын айтқымыз келеді. Жұдырықтай жұмылғанда ғана бар байлығымыз, бақытымыз – балаларға қызмет ете аламыз. Жұмылып істеген іс – аям, маңыздысы. Әсіресе бұл істе ата-аналардың рөлін көтеру өте өзекті. Жаңа Қазақстан болуымыз үшін жүкті барынша жұмыла көтергеніміз абзал, – дейді Астана қаласы бала құқығы жөніндегі өңірлік уәкіл Әсіма Бимендина.

МАМАҢДАР ТАПШЫ

Кез келген індеттің емі болатыны секілді суицидтің де алдын алуға болатыны белгілі. Бірақ бәрі, түптеп келгенде, кадр тапшылығына келіп тірелетіні тағы бар. Балалар психологы өте аз, тікелей суицидтің алдын алумен айналысатын маманның лайықты біліктілігі жоқ, шетелде оқуға, тәжірибе алмасуға денсаулық сақтау органдарынан ұсыныс та жоқ, ықылас та жоқ, шетелге тәжірибе алмасуға маман емес, бұл проблемадан ауылы алыс кадрлар кетіп жүр, ал балалармен жұмыс істейтін мектеп психологтарының деңгейі шектеулі. Олар әрі кетсе скрининг пен тренинг жасаудан артылмайды. Ал қиын жағдайға тап болған жастарға, балаларға біліктілігін арттырған, осы мақсатта миллиондап қаржы жұмсаған білімді кадрлар керек. Олардың жалақысы да мардымсыз, сондықтан бұл саладан кетіп жатқандар да аз емес. Бұл мәселені Үкімет кешенді түрде шешпейінше, кадрлармен қамтамасыз етіп, жалақысын көтермейінше, бұл істе әлдеқандай бір ілгерілеу болуы неғайбыл... Қоғам осыған назар аударуы тиіс.



Индира
БЕРЖАНОВА

АУЛА КЛУБЫ – ТӘРБИЕ ОРТАЛЫҒЫ

Өскелең ұрпақтың әлеуметтік жағдайын арттырып, еліне лайықты азамат етіп қалыптастыру – мемлекетіміздің жастар саясатының алға қойған басты басымдығының бірі. Осы мақсатта елордада жастар мен жасөспірімдердің жан-жақты дамуына және уақытын тиімді өткізуіне септігін тигізетін аула клубтары құрылды. Бүгінде мұнда 3500 бала тәрбиеленіп жатыр.

Қазіргі уақытта қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасына қарасты «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының жетекшілігімен қала аумағында 20 аула клубы жұмыс істейді. Аула клубтарының негізгі қызметі жасөспірімдерді бұқаралық спорт, шығармашылық үйірмелерге тартуға және өмірлік қажетті дағдыларға үйрету арқылы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталады. Үйірмелер мен аула клубтарының секцияларына қатысу тегін негізде жүргізіледі. Елорданың 5 ауданы бойынша оларға 3500-ге жуық тәрбиеленуші қатысады. Оның ішінде Алматы ауданында – 6 («Қыран», «Темірлан», «Жас қанат», «Тахтау», «Мирас», «Армандастар-2»), Байқоңыр ауданында – 5 («Бәйтерек», «Астана», «Береке», «Береке-спорт», «Шымыр»), Сарыарқа ауданында – 5 («Жас барыс», «Динамо», «ProFit», «Батыр», «Дүкенұлы»), Есіл ауданында – 2 («Integero» және «Ақжол») және Нұра ауданында – 1 («Үркер»). Жасөспірімдер барлығы 130 үйірме мен секцияға қатыса алады. Олардың қатарында бокс, карате, түрлі би үйірмесі, сурет салу, қолөнер, тоғызқұмалақ, бағдарламалау, тілдерге оқыту, еркін күрес, музыкалық аспаптарға үйрету, асүйге баулу сынды 76 спорт секциясы және 54 шығармашылық үйірме бар. Нұра ауданының «Үркер» аула клубында зейнеткерлерге де арнайы сағат бөлінеді. Яғни бұл уақытта олар немерелерімен бірге келіп, бос уақытын тиімді өткізе алады.

«Аула клубтары» әлеуметтік жобасы елордада соңғы 8 жыл бойы тұрақты негізде жүзеге асып келеді. Бұл туралы «Астана жастары» ЖРО аула клубтарының дамыту бөлімінің маманы Жан-гүл Қамбар айтып берді.

– Аула клубтарының қызметі жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылымсты азайтуға, балалардың денсаулығын жақсартуға және олардың уақытын пайдалы өткізуге тікелей әсер етеді, сондай-ақ патриотизмнің дамуына ықпал етеді. Жыл сайын өтеусіз негізде аула клубтарында халықтың әлеуметтік осал топтарынан, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан жүздеген бала тәрбиеленеді. Сондай-ақ қалалық Ішкі істер департаментінің ювеналды полиция бөлімшесінде есепте тұрған кәмелетке толмағандар аула клубтарына барады. Қазіргі таңда баланың қызығушылығына септігін тигізіп, икеміне қарай жаңа қырынан танылуына, өмірлік жолын анықтауда аула клубтарының маңызы зор. Бұл жастар мен жасөспірімдердің болашақта жан-жақты, білімді, мәдениетті, ең бастысы көрегенді әрі тәрбиелі боп қалыптасуына оң ықпалын тигізеді. Себебі аула клубтарына қатысқан балалар-

дың басым бөлігі жан-жақты дамып қана қоймай, рухани дем алады және қоғамдық шараларға өз үлесін қосып келеді, – деді маман.

Тәрбиеленушілер өзіне ұнайтын үйірмеге қатысып, одан бөлек, осы бағытта түрлі жарыстар бақ сынап алады. Мәселен, елорда аула клубтарының қатысушылары – бүгінде Болгария, Армения,

ды мәдени-спорттық орталық қызметін де атқарады.

Аула клубында тәрбиеленіп, шетелдегі жарыстарда көзге түсіп жүрген балалардың қатарында Іздіш Айзер бар. «Темірлан» аула клубының оқушысы жақында Түркияның Алания қаласында 64 шаршылы дойбыдан әлем чемпионатына қатысып, 3-орын иеленді.

– Бұл жарысқа әлемнің 14

кейін не каникул уақытында баруға асығамыз, – деді оқушы.

Тегін үйірмеге немесе секцияға жазылу үшін баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, ата-анасының жеке басын куәландыратын құжатты, баланың денсаулық жағдайын растайтын медицина құжатты және 3x4 сурет тапсырылуы қажет. Аула клубтары бойынша толық ақпаратты @ast_auла.



Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Италияда және елімізде өткен бірқатар жарыстың жүлдегері. Мұндай сайыстар кейін жасөспірімдер үшін оқуға түсу барысында не портфолио жинауда септігін тигізеді. Бұл бағытта жас спортшылардың қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын насихаттауда «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы өз тарапынан аула клубтарының тәрбиеленушілері үшін кәсіби спортшыларды шақыртып, шеберлік сағаттары мен кездесулерді ұйымдастырады. Осылайша, қала жастары үшін аула клубтары көпфункционал-

мемлекетінің 200-ге жуық спортшысы қатысты. Мен өз аула клубымының атынан осы сайыста жүлделі орын алғанымна қуаныштымын. «Темірлан» орталығына тегін қатысып жүргеніме біраз уақыт болды. Клубтағы жаттықтырушылар жарыстар мен олимпиадаларға қатыстыру арқылы қабілетімді шыңдай түсті. Дойбыдан «спорт шеберіне кандидат» дәрежесін алуыма да ықпал етті. Менің қатарластарым да түрлі секция бойынша жақсы нәтиже көрсетуде. Осы тұста аула клубтарының жасөспірімдерге берер пайдасын айтқым келеді. Біз мұнда жаңа орта тауып, бір-бірімізбен араласып, сабақтан

clubs Instagram парақшасынан білуге болады.


«Әл-ауқаты төмен отбасы балалары үшін аула клубтары – үлкен көмек. Олардың бос уақыты тиімді ұйымдастырылып, қатысам дәуімдері бірнеше үйірмеге қатар жазыла алады. Аула клубтарының тағы бір ерекшелігі – балалар тұрғылықты жерінен алысқа бармайды. Өзі өскен жерінде қоғамның бір бөлшегіндей өзінің қажеттігін тусінеді. Аула клубтарының ашылуының да, көрсетіліп жатқан қамқорлықтың түпкі мәні де осында жатыр» деді Ж.Қамбар.

Жасөспірімдердің қызығушылығына, икеміне қарай жаңа қыры ашылып, өмірлік жолын анықтауға да аула клубтары септігін тигізеді. Өз ортасында жүрген баланың жауапкершілігі де артады. Олардың тұлға ретінде қалыптасуына, мектептен бөлек, өз достарының ықпалы күшті. Бұл орта – көшенің қалтарысында не несіз қуыста емес, аула клубтарында өркен жаймағы құптарлық. Мұндай ортада өскен баланың тәрбиесі мен болашағына сенімдіміз мол. Жасөспірімнің мәдени-рухани қажеттілігін өтейтін аула клубтарының осы тұрғыда да үлесі мол. Оның жұмысына барлығы қамтылады, бәріне де қолжетімді. Жыл өткен сайын бағдары да айқындалып, дәстүрі қалыптаспақ.



МЕЙІРІМДІ МЕЙІРБИКЕ

Астана – жүрегі мейірімге толы дәрігерлер мен мейірбикелер мекені. Есіл ауданына қарасты Т.Шевченко көшесінің бойында орналасқан №4 қалалық емхананың бас мейірбикесі, 40 жылдық жұмыс тәжірибесі бар Бахыт ҚАСЕНОВАМЕН жолығып, еңбек жолы туралы сұраған едік.



Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

«Медицинаға келу себебім – жүрек қалауы, негізі. Отбасымызда медицинаға қатысу бар ешкім болған жоқ, бірақ осы мамандықты өзім аттай қалап, қалаға оқуға бардым. 1980 жылы Қарағандыдағы медицина училищесіне құжат тапсырдым. Ауылдан келген 5 қыздан 3 қыз емтиханнан сүрінбей өтіп, оқуға қабылдандық. Әкем ауырғанда қасында болып, бар білгенімді жасадым, сонда әкем батасын беріп: «маңдайыңа мұғалім емес, медицина қызметкері болып маған қызмет ету бұйырған екен, шүкір» деп қуанғаны әлі есімде» дейді Бахыт Ғабдолқызы.

1983 жылы ол базасы мықты Қарағанды медицина училищесін бітірді. Олай дейтініміз – оқу орны қаладағы бүкіл емхана-ауруханамен байланыста жұмыс істеді. Ұстазы, топтың кураторы Алла Бикенқызының мамандығы жоғары білікті педиатр болатын.

АЛҒАШҚЫ ТӘЖІРИБЕ

Медбике ретіндегі бірінші практикасы Қарағандыдағы №1 қалалық ауруханада өтті. Михайловкада орналасқан емдеу орнындағы эндокринология бөлімінде тәжірибелі медбикелер жанымызда тұрып дәрі егуді, система салуды үйретті. Кешке қарай қаладағы сәбилер үйіндегі мейірбикелерге көмекке жіберетін. Сонда ата-анасы тастап кеткен, церебралды сал ауруына (паралич) ұшыраған балаларды көріп жаны ашитын. Бейкүнә, науқас сәбилерді көбіне толық емес отбасыдан – күйеуінен ажырасқан әйелдер, ішкен немесе үй-күйі, жағдайы жоқ адамдар сәбилер үйіне әкеп тастап кететін. «Бас медбике жақсы өткен практикамызға қанағаттанды ма, бізді жұмысқа да шақырды» дейді Б.Ғабдолқызы.

Алғаш жұмыс істеген жері – Павлодар облысы Баянауыл ауданында учаскелік мейірбике. Бұдан кейін медицина саласының қыр-сырын меңгерген тәжірибелі маман Целиноград қаласына келіп, өндіріс алыбы – «Целинсельмаш» зауытында медицина

ем-шарасын қабылдау кабинетінде жұмыс істей бастайды. Кәсіби шеберлігін арттыру мақсатымен 1997 жылдан 2007 жылға дейін Екібастұз қаласындағы психоневрологиялық диспансерде бас медбике қызметін атқарады. Емханасы мен стационарлы бөлімшесі бірге бұл ерекше диспансерде еңбек ету оған оңай болмады. Науқастарының жазылуы қиын, күрделі жұмыс екені түсінікті. Эпилепсия, шизофрения сияқты жазылмайтын ауруларды күнде көру, сол ұжымда еңбек ету жеңіл емес еді.

ЕРЕКШЕ ЕМХАНА

Бахыт Ғабдолқызы 2008 жылдан бастап елордадағы №4 емханада бас мейірбике болып жұмыс істейді. Учаске бойынша тіркелген тұрғындарға қызмет көрсетеді. Емі ерекше емханада 320 мейірбике, 46 кіші медқызметкер бар. Олардың 60 пайызынан астамы – 20-25 жыл еңбек өтілі бар тәжірибелі маман, 20-25 пайызына жуығы – оқуды енді бітіріп келген жас маман. Бас мейірбике емханадағы медицина қызметкерлерін әкімшілік жұмысқа алу, әңгімелесу, кәсіби біліктілігін тексеру жұмысын жүргізеді. Талабы бар, үйренем деген жастарды жаңа орынға бейімдеу бағытына басшылық жасайды.

«Өмір ғой, кейде мейірбикенің ауыр жұмысынан шаршап, басқа мамандыққа ауысу ойыңызда болмады ма?» деген сауалымызға ол былай деп жауап қатты:

– Шынымды айтсам, бір рет қатты қиналған сәтімде бір ай басқа салаға барып жұмыс істеп көрдім. Сосын «бұл менің ісім, менің қалауым емес екен, менікі емес!» деген тоқтама келдім де, қайта өз кәсібіме оралдым.

Сүйікті кәсібінен нәсібін тапқан Бахыт Ғабдолқызы ерен еңбектің арасында жүріп, уақыт тауып, білімін жетілдіре түсті. 2000 жылы мейірбикелер арасындағы жоғары дәрежені бағындырды, мерзімсіз жоғары санатты растап, 2008 жылы «Эмили» атындағы мейірбикелер даярлайтын институтта менеджмент мамандығын бітіріп, диплом алды. Бүгінде кәсіби еңбектің жемісті 40 жылын абыройлы атқарып, мейірбикелер арасында зор мәртебеге ие болып жүр.

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ ЖАРЫСЫ



Елорда төрінде еркін күрестен өткен Олимпиада ойындарының, әлем және Еуропа чемпионы, Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіровті еске түсіруге арналған төртінші турнирде 600 жасөспірім балуан белдесті.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде Олимпиада ойындарының чемпионы Юрий Мельниченко, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Еркеғали Карбозов және басқа да құрметті қонақтар сөз сөйлеп, Жақсылық Үшкемпіров жайлы естеліктер айтып, жасөспірім спортшыларға сәттілік тіледі.

2009-2011 және 2012-2014 жылы туған балалар арасындағы жарыста 19 салмақ бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

– Төрткүл дүниеге есімі танымал Жақсылық Үшкемпіров бәрімізге үлгі-өнеге болды. Астанада төртінші рет өтіп жатқан турнир даңқты спортшыға, еңбекқор азаматқа, халық патриотына көрсетілген құрмет деп білемін. Биылғы жарысқа 600 жасөспірім балуан қатысып жатыр, бұл де-



ген – үлкен көрсеткіш. Осындай жарыстар арқылы ертең ел намысын халықаралық жарыстарда қорғайтын балуандар өсіп шығады. Елордаға үміттеніп келген жасөспірім спортшылардың бәріне сәттілік тілеймін, – деді Юрий Мельниченко, Олимпиада ойындарының чемпионы, грек-рим күресінен Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері.

Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт сарайында төселген боз кілемде тартысты да қызықты белдесулер өтіп, чемпиондар мен жүлдегерлер анықталды. Бұл жарыстың жүлдесі әрбір баланың жүрегіне жеңіске деген жігер қосатыны сөзсіз.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, даңқты балуанның атындағы жарыс келесі жылдан бастап, еркін күреспен қатар, грек-рим және қыздар күресінен де өтеді.

ТЕНДІ ЕСКЕ ТҮСІРДІ

Атақты мәнерлеп сырғанаушы Денис Теннің 30 жасқа толуына орай «Барыс Арена» спорт кешенінің мұз айдынында 4 күнге созылған Denis Ten Memorial Challenge 2023 халықаралық турнирі аяқталды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.



Мәнерлеп сырғанаудан ел спортына өлшеусіз үлес қосқан, Қазақстан тарихында алғаш рет 2013 жылы әлем чемпионатында күміс және 2014 жылы Сочи Олимпиадасында қола жүлде алған Денис Тенді әлі күнге дейін жұрт есінен шығарған емес.

Өмірден өткеніне 5 жыл болса да, спортшымыздың құрметіне дәстүрлі түрде төртінші рет мұз айдындағы шоу ұйымдастырылды.

Биылғы бәсекеде, еліміздегі жас шәкірттерден бөлек, 23 елден келген қонақтар бақ сынады. Сондай-ақ елорда төріндегі мұз айдынына өнер көрсетуге марқұмның достары да келді. Атап айтар болсақ, Еуропа чемпионы Алёна Косторная, Георгий Кунница, Мари-Пьер

Лере, Хан Гиль Ким, Чжу Хон Лим, Арлет Леванди, Аделия Петросян, Дженифер Ян Сван Ренсбург, Бенджамин Стефан сынды жүлдыздар көрерменге өз шеберлігін паш етті.

«Денис Тенді еске алу турнирі 2 мәрте Алматыда, 2 рет Астана қаласында өтті. Өйткені біз қос мегаполистің де спорт жанкүйерлерін шоудан құр қалдырғымыз келмейді. Әлем жүлдызына айнала білген жерлесіміздің академиясы бүгінде жұмыс істеп жатыр. Бүгін Олимпиаданың қатысушылары, халықаралық жарыстың жүлдегерлері қойылым көрсетіп, керемет әсер сыйлады деп ойлаймын» дейді Denis Ten Memorial турнирінің баспасөз хатшысы Ботагөз Алдоңғарова.

Жарыс атақты мәнерлеп сырғанаушылар мен олардың шәкірттерінің қатысуымен өткен гала-қойылыммен аяқталды.

Денис Теннің шоуынан түскен қаржы отандық мәнерлеп сырғанаудың дамуына жұмсалады.

КУБОК ЖЕҢІМПАЗЫ – «ТОБЫЛ»

Футболдан Қазақстан кубогының жеңімпазы анықталды.

«Астана Арена» стадионында өткен шешуші ойында «Ордабасы» мен «Тобыл» кездесті. Биыл бірінші рет Қазақстан чемпионы атанған Шымкенттің «Ордабасы» клубы кубокты да ұтып, «қос жеңіс» жасағысы келген-ақ еді, алайда Қостанайдың «Тобылы» тегеурінді ойын көрсетіп, Қазақстан кубогын қанжығасына байлады. Матчтағы жалғыз допты Ислам Чесноков соқты.



Футболдан 2024 жылғы әлем чемпионаты Сауд Арабиясында өтетін болды. Бұл жөнінде FIFA президенті Джанни Инфантино мәлім етті.

2024 жылғы әлем біріншілігін өткізуге өтініш берген Австралия өзінің өтінішін

кері алуына байланысты Сауд Арабиясы жалғыз үміткер ел болып қалды.

МУНДИАЛЬ АРАБИЯДА ӨТЕДІ

2026 жылғы әлем чемпионаты Канада, Мексика мен АҚШ елдері бірлесіп өткізеді. Ал 2030 жылғы әлем чемпионаты ерекше жағдайда өтейін деп тұр. Чемпионат ойындары Португалия, Испания мен Мароккода өтсе, чемпионат бағдарламасындағы үш ойын Аргентина, Парагвай және Уругвайда өтеді.

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕУДІҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

Астананың қоғамдық көлігінде жолақы төлеудің жаңа электронды жүйесі енгізілуде.

Электронды жолақысын төлеу және диспетчерлеу жүйесі жаңартылған автобустар дайын болуына қарай жолаушыларды тасымалдауға дайын. Бұған дейін №3, 15, 32, 54, 61 жаңа бағыт қосылған болса, енді №5, 5А, 8, 26, 45-бағдарлар жолға шығуда.

Бұл бағдарлар әзірге аялдамалардағы ақпараттық таблода немесе

қолданыстағы автобустарды бақылайтын мобильді қосымшаларда көрінбейді. Олардың нақты орналасқан жері туралы ақпаратты «Autobus» мобильді қосымшасынан алуға болады.

Жүйе енгізілгеннен кейін барлық сервис бұрынғыдай жұмыс істейді. Оны толықтай көшіру 2023 жылдың соңына дейін жоспарлануда.

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БИЫЛҒЫ 9 АЙДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Әдеп жөніндегі кеңес қызметі

Биыл басынан бері өткізілген Әдеп жөніндегі кеңестің 6 мәжілісінде жалпы саны 18 сұрақ қаралды, оның ішінде 11-і (61%) профилактикалық сұрақ болса, 7-еуі – тәртіптік іс. Қаралған 7 тәртіптік істің 5-еуі қызметтік әдеп талаптарын сақтамау, ал 2-еуі мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасау белгілері бойынша қозғалған болатын. Қарау қорытындысы бойынша қызметтік әдеп талаптарын бұзуға жол берген 2 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 5 тәртіптік іс қысқартылды.

Әдеп жөніндегі уәкілдер мен мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының қызметін үйлестіру, сыбайлас жемқорлық бұзушылығын ескерту мақсатында және тәртіптік істерді қарау нәтижесінде берілген 17 ұсыным 100% орындалды.

2. Азаматтардың өтінішін қарау

Жеке және заңды тұлғалардан жалпы саны 272 өтініш түскен болса, оның 202-сі (74%) құзыреттілігі бойынша қарау үшін басқа мемлекеттік органдарға жолданды, 16-сы (6%) өтініш иесінің өтінішхаты негізінде қараусыз қалдырылды, 54-і (20%) құзыреті шегінде қаралды (оның ішінде 4 тексеру жүргізу арқылы), 5-еуі азаматтың бұзылған құқығы қалпына келтірілді (1-еуі қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мемлекеттік орган актісінің күші жойылды, 4 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды).

3. Тексеру іс-шаралары

4 жоспардан тыс тексеру мен 9 профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілді. Анықталған 223 заң бұзушылық жайты бойынша мемлекеттік органдарға енгізілген 10 нұсқама 100% орындалды, 53 бұзушылық жойылып, 1 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

4. Әкімшілік тәжірибе

Бағынысты қызметкерді құқыққа сыйымсыз қызметінен босатқаны үшін ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік

комитеті Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Қ.А.Қыздарбеков ҚР ӘҚБК 99-бабының 2-бөлігі бойынша 51750 теңге көлеміндегі айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

5. Бағынысты қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін басшылардың жауаптылығын мониторингтеу

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін Астана қаласының 16 қызметкерінің (5-еуі – әкімшілік мемлекеттік қызметкер, 10-ы – құқық қорғау органының қызметкері, 1-еуі – квазимемлекеттік сала қызметкері) қылмыстық жауапкершілікке тартылу жайты бойынша, олардың 13-інің тікелей басшылары тиісті тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

6. Үстеме жұмыс мониторингі

Мемлекеттік қызметкерлердің үстеме жұмыстар жасау жайтын ескерту мақсатында 11 мемлекеттік органға (3-тоқсанға 12 мемлекеттік орган жоспарланған) бару арқылы мониторинг жүргізілді. Анықталған 13 жайт бойынша мемлекеттік органдарға алдағы уақытта аталған жайттарға жол бермеу жөнінде тиісті хаттар жолданды.

7. Ақпараттық-имидждік жұмыс

Қызметтік әдеп және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарын бұзушылығын ескерту мақсатында Астана қаласының мемлекеттік органдары қызметкерлері арасында 37 түсіндіру шаралары өткізілді, «Аманат» партиясының алаңында 3 рет азаматтарды жеке қабылдау жүргізілді, 8 интернет-конференция мен әлеуметтік желілерде әдеп жөніндегі уәкілдердің қатысуымен 6 тікелей эфир өткізілді, БАҚ пен әлеуметтік желіде 7 мақала мен 4 ролик жарияланды және т. б.

Ернар МЫРЗАБЕК,
ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

КЕЙКІ БАТЫРДЫ ТІРІЛТКЕН ҚАЛАМҒЕР

Ұлттық академиялық кітапханада өмірден ерте озған жазушы Ақан Нұрмановтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Алыс та жақын Ақан Нұрманов» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Аталмыш кітапхана мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы ұйымдастырған жиынға белгілі қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері, жазушының жақындары мен туыстары қатысты.

Конференцияны ашып берген көрнекті жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, таяуда ғана Қазақстанның халық жазушысы атағын алған Төлен Әбдік қаламгердің басты еңбегі – ақталмай қалып, соңғы нүктесін досы Қалихан Ысқақ қойған «Құланның ажалы» романының ерекшеліктеріне тоқталды.

– Ашық айтуымыз керек, тәуелсіздік алғаннан кейін Кейкі батыр туралы жұрт жазып жатыр. Бірақ Кейкіні тірілтен Ақан болатын. Совет өкіметі идеологиясының күйіп тұрған кезінде образын жазды. Бұл – үлкен ерлік. Осы шығарманың қазақ әдебиетінде алатын орны өте зор, – деген жазушы Ақан Нұрмановтың кеңірек дәріптеу, ұлттық әдебиеттегі алатын орнын анықтау болашақтың еншісінде болып отырғанын айтты. Қаламгерлер кеңес кезінде жазған шығармаларында көп нәрсе айта алмағанын атап өтті.

Арқалы ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлы естеліктерді жаңғыртып, Кейкі батыр жайында дастан жазуына бірден-бір себепкер Ақан Нұрманов болғанын айтты. Белгілі қаламгер, ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов «Құланның ажалы» шығармасынан үзінді келтіре отырып, бұл роман көркемдігі жағынан әлемдік проза үлгілерінен еш кем түспейтінін атап өтті.

– Өте тартымды сюжет. Пейзаж десең пейзаж, портрет десең портрет орнында тұр. Кез келген диалогы сол күйінде қабылданады. Сөйлемдердің барлығы адамдардың айтатын және айта алатын, біреудің ойына, біреудің бойына сыятын сөздер, – деді Сауытбек Абдрахманов.



Белгілі жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова жұбайы Әкім Тарази Ақан Нұрмановтың «Аққудың шоғыры» шығармасын классикалық әңгіме деп бағалағанын, Нұрмановтың кез келген туындысы көркем фильмге бергісіз екенін айта келе, ғұмыры ұзақтау болса, Мемлекеттік сыйлықты сөзсіз алатынын, 35 жасында жазған шығармасының деңгейіне қазіргі жастардың жетуі неғайбыл екенін атап өтті.

Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттеріне Ақан Нұрмановтың шығармашылығын зерттеу бойынша тақырыптар беріліп тұратынын айтты. Осы жоғары оқу орнының профессоры, филология ғылымдарының докторы Ақан Нұрмановтың әдебиет

тарихындағы орнына тоқталды. Оның сөзін әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Амангелді Кеңшілікұлы қуаттады. Қостанай облысы Амангелді ауданы Ақан Нұрманов атындағы орта мектептің директоры Қуандық Шоңғалов жазушы шығармашылығының негізінде оқушыларға рухани тәрбие берудің маңызына тоқталып, мектеп тынысымен таныстырды. Жазушының туысы, тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Нұрманова мен інісі Жомартбек Нұрманов жиналғандарға алғысын айтты. Төлен Әбдікке «Ақан Нұрманов – 90 жыл» естелік медалі тапсырылды.

Дәулеткерей Кәпұлы Ақан Нұрманов есімін тарихта қалдыру, жан-жақты насихаттау үшін Астана қаласында мектеп пен көшеге атын беру орынды болатынын айта келе, жазушыға арналған өлеңімен жиынды түйіндеді.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

БАС ХАТШЫНЫҢ КЕҢЕСШІСІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Түркі мәдениетін және өнерін дамыту ұйымының (ТҮРКСОЙ) бас хатшысы Сұлтан Раевтың Қазақстан бойынша кеңесшісі болып Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ тағайындалды. Академик бұл қызметті қоғамдық негізде атқаратын болады.

«ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының басты мақсатының қатарында түркі тілінде сөйлейтін халықтар мен елдердің арасында достық қатынас құрып, ортақ түркі мәдениетін, тілін, тарихын, өнерін, әдет-дәстүрін зерттеп, жалпыға жария ету, дамыту, сақтау, болашақ ұрпаққа мұра ету, баянды қылу мен түркі дүниесінде ортақ бір тіл мен әліпби қолданылуы үшін тиісті орта және жағдай қалыптастыру қарастырылған. Сондай-ақ түркі дүниесі халықтарының ортақ өткенінің, тарихының, тілі мен әдебиетінің, мәдениеті мен өнерінің біртұтас күйінде ғылыми зерттеулерін күшейту мақсаты көзделген. Осынау мақсат-міндетті жүзеге асыру үшін «ТҮРКСОЙ»-ға мүше әрбір елден Бас хатшының кеңесшілерін тағайындауға шешім қабылданды.

«ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының Бас хатшысы Астанада ұйымдастырылған іс-шара аясында Кәрімбек Арыстанбекұлын қабылдап, оған ғылыми жұртшылықты халықаралық ұйым жұмысына жұмылдырып, түркі дүниесіне ортақ құндылықтарды зерттеу ісін үйлестіру, ортақ әліпби қолдану туралы тілші-ғалымдармен бірлесіп ұсыныс енгізу, ұлттық мәдени мұралар арқылы түркі дүниесін интеграциялау бойынша ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстел отырыстарын өткізуге атсалысу, сондай-ақ халықаралық ұйым өткізетін іс-шараларға белсенді қатысу сияқты міндеттер жүктеді.

ТОСЫН СЫЙ

Демалыста әлеуметтік желіде өте жағымды ақпарат тез тарады. Ол – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлемдік деңгейдегі әнші, қазақтан шыққан мегажұлдыз Димаш Құдайбергенге тазының күшігін сыйлауы. Димаш аппақ тазының атын «Ғарышкер» деп қойыпты. Бұл туралы ол Instagram желісіндегі парақшасында өзі жариялады.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«Достар, танысып қойыңыздар, бұл – менің жаңа досым. Табиғаттың бұл ғажабын, яғни тазының күшігін маған Қасым-Жомарт Кемелұлы сыйлады. Тазы – біздің ұлтымыз үшін құндылық, бабадан қалған «жеті қазының» бірі. Қазіргі күні Қазақстанда тазыны сақтап қалуға және халықаралық дәрежеде мойындауға баса көңіл бөлініп жатқаны қуантады. Себебі бұл қазақты тұқым тән сұлулығымен, ұстамдылығымен ерекшеленеді және менің байқауымша, өте ақылды келеді. Ата-бабамыз тазыны қастерлеп, жақсы көрген. Бұл ит киіз үйге еркін кіре алған, бұл оның тазалығын білдіреді. «Тазы» атауы парсы тілінен енген, мағынасы – «шапшаң», «епті». Осындай баға жетпес сыйлық үшін Президентімізге алғыс айтамын!» дейді Димаш Құдайберген.

Жағымды жаңалық желіде тез таралды, Димаштың жазбасына комментарий жазып, репостпен бөліскендер өте көп. Олар «Сүйкімді



екен!», «Керемет, өте бағалы сыйлық!», «Қазақты аштықтан сақтаған, сенімді серік болған жеті қазының бірі – тазыны текті ұлға сыйлағаны – тебіренерлік оқиға!», «Ойға алған мақсат-мұратыңа жет, ән кеңістігінде заңғар биікке самғай бер!», «Иттер – иесіне адалдықтың, шексіз махаббаттың символындай жануар», «Жүйрік ат, жүйрік тазың бар, енді үй болып, үйленіп, перзент сүю бақытын нәсіп ет-сін!», «Ғарышкер» Димаш фанаттарының сүйікті

жануарына айналды» деген тосын сыйлыққа қуанған қазақстандықтар, шетелдік өнерсүйер қауым қуана жазысты.

Мемлекет басшысының миллиондаған жүректі жылытып, көңіліне сәуле құйған бұл жаңалық, бұл бағалы сыйлық еліміздің алтын ұлына деген құрметін, айрықша ілтипағын көрсетеді. Сондықтан да ақ тазымен желіге жүктелген Димаштың фотосы мыңдаған, миллиондаған жер шары халқының көзайымына айналды.

«ЕЛІМ» ДЕП КҮЙ ТӨКТІ

Астанада күйші-композитор, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрінің дирижері, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекеновтің «Елім деп күй төгемін» атты шығармашылық кеші өтті.



Кеш шымылдығы аталмыш оркестрдің көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымовтың «Шаттық елі» күйімен ашылды. Әрі қарай кеш иесінің төл туындылары, белгілі және жас композиторлардың шығармалары, халық мұрасы саналатын күйлер әуеледі. Атап айтқанда, Нұрлан Бекеновтің «Талпыныс», «Жайлауда», «Көңіл сазы», «Таубай толғау немесе ақын арманы», «Шаттан, елім» секілді күйлері, белгілі ақындар Айбатыр

Сейтак, Нұрлан Қалқа, Ерғожа Тілепбердімен шығармашылық бірлестіктен туған «Алты Алаштың баласы», «Туған жер», «Арман-ай» сынды әндері, «Мұқали», «Орақты батыр» күй-поэмалары орындалды.

Концертке Алтынбек Қоразбаев, Светлана Айтбаева, Гүлмира Сарина, Зағипа Иманғазы секілді белгілі әншілер, көрнекті күйші-композитор Секен Тұрысбек, филармония солистері мен өнер ұжымдары қатысып, жұрттың жан сарайын ашты.